<question>Төмендегі өзгерістер тән патологияны белгілеңіз: науқас 30 жаста, аускультацияда жүрек ұшында сартылдаған I тон және бөдене ырғағы; ЭхоКГ: сол жүрекше қуысының дилатациясы , митраль қақпақшасының экскурсиясының шектелуі.
<variant> митраль стенозы
<variant> үш жармалы қақпақшаның жеткіліксіздігі
<variant> аорталық шамасыздық
<variant> аорталық стеноз
<variant> митраль шамасыздығы

<question>Дұрыс шешімді таңдаңыз, патологияны анықтаңыз. Науқастың ЭхоКГ оң жүрекшенің кеңеюі, кальцинацияланған үш жармалы қақпақ жармаларының бір жақты қозғалысы анықталды.
<variant> үш жармалы қақпақ стенозы
<variant> аорта қақпақ шамасыздығы
<variant> үш жармалы қақпақша жетіспеушілігі
<variant> аорталық стеноз
<variant> ЖАПД (ДМПП)
<question>Науқастың клиникасының қай нозобірлікке тән екендігін таңдаңыз. Науқас 43 жаста Т $39^0$ градусқа дейін жоғарылаған. Кеудесінде қысып ауырсыну бар. ЭКГ: ГБСА толық емес блогі, ЭхоКГ: перикард саңылауында анэхогенді кеңістік, жапырақшаларының ажырауы 2 см дейін, жүрек контурларының ұлғаю.
<variant> перикардит
<variant> эндокардит
<variant> миокардит
<variant> миокард инфаркті
<variant> кардиомиопатия
<question>Науқастың клиникалық диагнозын таңдаңыз. 32 жастағы науқаста 6 ай көлемінде әлсіз күштемеге ентігу дамыған, бауыры ұлғайған, аяқтарында ісіну анықталды, бұған дейін дені сау болған. ЭхоКГ: сол жүрекше (ЛП) өлшемі 4,2см; сол қарыншаның соңғы диастолалық өлшемі (КДР ЛЖ) 6,7см, оң қарыншаның (КДР ПЖ) 2,5см; лақтыру фракциясы (ФВ) 35 %.
<variant> дилатациялық кардиомиопатия
<variant> эксудатты перикардит
<variant> жүректің ревматизмдік ақауы
<variant> миокардит
<variant> гипертрофиялық кардиомиопатия
<question>Стенокардияның түрін таңдаңыз және дұрыс тактиканы қолданыңыз. Науқас 47 жаста, 2 апта бұрын 4 қабатқа тез көтерілгеннен кейін кенет төс артының төменгі бөлігінде ауыру сезімі пайда болды, тыныштық күйде ауыру сезімі жоғалды. Мұндай ауыру сезімі бірінші рет пайда болды. Кейін тез жүргенде, 2 қабатқа көтерілгенде дамитын болды.
<variant> ЖИА. Алғаш дамыған стенокардия. Антиангиналық ем тағайындап, шұғыл коронароангиографияға жатқызу керек
<variant> ЖИА, үдемелі стенокардия. Антиангиналық ем тағайындап, шұғыл коронароангиографияға жатқызу керек
<variant> ЖИА. Күштеме стенокардиясы ФК 2. Антиангиналық ем тағайындау
<variant> Кардиалгия коронарлы себептерге байланысты болмауы мүмкін. Науқасты зерттеу кер
<variant> ЖИА. Принцметалл стенокардиясы. Нитраттар және кальций антагонистерімен ем

<question>Науқастың диагнозы: ЖИА. Үдемелі стенокардия. Өткізгіштік бұзылуы: II дәрежелі AV-блокада, Мобитц I. Науқасты жоспарлы емдеу барысында қолдануға болатын дәрілерді таңдаңыз:
А. корданум (талинолол)
Б. кардикет (изосорбида динатрий)
В. анаприлин (пропроналол)
Г. амло (амлодипин)
Д. изоптин (верапамил)

<variant> Б, Г
<variant> А, Б
<variant> Б, В
<variant> А, В
<variant> Г, Д
<question>Науқаста тұрақты күштену стенокардиясы ФК III және синус түйінінің әлсіздік синдромы бар. Осы науқасқа қолдануға болатын антиангиналық дәрмектерді белгілеңіз:
А. обзидан (пропроналол)
Б. амлонг-А (атенолол)
В. изоптин (верапамил)
Г. коринфар ретард (нифедипин ретард)
Д. кардикет (изосорбида динатрий)
<variant> Г, Д
<variant> А, Б
<variant> Б, В
<variant> А, В
<variant> Б, Г
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Өкпе артериясының тромбоэмболиясында бірінші орында қолданады:
А. альфа-адреноблокаторларды
Б. тромболитиктер енгізуді
В. гепарин енгізуді
Г. жүрек гликозидтерін енгізуді
Д. нейролептанальгезия жүргізуді
<variant> Б, В
<variant> А, Б
<variant> А, В
<variant> В, Г
<variant> Г,Д
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Жоғары АҚ фонында дамыған өкпе шеменінде (ісінуінде) қолданады:
А. мезатон
Б. лазикс
В. нитроглицерин
Г. адреналин
Д. оксифедрин
<variant> Б, В
<variant> А, Б
<variant> А, В
<variant> В, Г
<variant> Г, Д
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Толық AV-блокадада еш қолдануға болмайды:
<variant> бета-адреноблокаторларды
<variant> кортикостероидтарды
<variant> атропинді
<variant> изадринді
<variant> эфедринді

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Клиникасына келесі симптомдар кешені тән ақауды белгілеңіз. Жүрек шекарасы гипертрофияланған оң қарынша есебінен солға ығысқан, эпигастрийлік пульсация, бауыр пульсациясы және веналық оң пульс, I тон бәсеңдеген, семсер тәрізді өсіндінің түбінде систолалық шу (Ривьеро-Корвалло симптомы).
<variant> үш жармалы қақпақша жетіспеушілігі
<variant> қолқа қақпақшасының жетіспеушілігі
<variant> қарынша аралық перденің ақауы
<variant> жүрекше аралық перденің ақауы
<variant> митраль қақпақшасының жетіспеушілігі
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Инфекциялық эндокардит дамуының қауіп факторларының тобына жатпайды:
<variant> өкпелік гипертензия
<variant> жатыр қуысын қырып-тазалау
<variant> жүректің тума ақауы
<variant> цистоскопия жүргізу
<variant> көк тамыр катетеризациясы
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Гипертрофиялық кардиомиопатияға келесі белгілер жатады:
А.науқастар стенокардиялық ауыру сезіміне шағымданады
Б.диастолалық шу эпицентрі қолқа үстінде, мойын тамырларына беріледі
В.систолалық шу жүрек ұшында және Боткин нүктесінде
Г.ЭхоКГ-да қарынша аралық перденің дара гипертофиясы
Д.ең жиі кездесетін асқынулары тромбоз және тромбоэмболиялар
<variant> А, В, Г
<variant> А, Б, В
<variant> Б, В, Г
<variant> А, Г, Д
<variant> В, Г, Д
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Гипертрофиялық кардиомиопатияда орын алады:
А. сол қарыншадан шығу жолдарының тарылуы
Б. сол қарынша қабырғаларының гипертрофиясы
В. кенет өлім
Г. митральстенозы
Д. қолқа қақпақшасының жетіспеушілігі
<variant> А, Б, В
<variant> Б, В, Г
<variant> В, Г, Д
<variant> А, В, Д
<variant> А, Д, Г
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Дилятациялық кардиомиопатияға тән белгілер:
А. жүрек қуыстарының айқын дилятациялануы
Б. қарынша аралық перденің гипертрофиясы және митралды қақпақшаның систолада алға қарай қозғалуы
В. салыстырмалы митраль және трикуспидаль жетіспеушілігі3
Г. субаорталық стеноз
Д. жүрек декомпенсациясының жылдам дамуы
<variant> А, В, Д

<variant> А, Б, В
<variant> Б, В, Г
<variant> А, В, Г
<variant> А, Б, Д
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Дилятациялық кардиомиопатиясы бар науқастарды емдегенде қолданады:
А. диуретиктерді (фуросемид)
Б. В-блокаторларды
В. теофедринді
Г. ААФ ингибиторларын
Д. қолқа қақпақшасын протездеу
<variant> А, Б, Г
<variant> А, Б, В
<variant> А, В, Г
<variant> Б, В, Г
<variant> А, Г, Д
<question>Миокард инфарктының (МИ) рецидивіне тән тұжырымдарды таңдаңыз:
А. МИ дамығаннан кейін 72 сағаттан 2 ай аралығында миокардта некроздың жаңа ошақтары пайда болады
Б. миокардтың кең көлемді және қайталанған инфарктінде рецидивті ағым байқалады
В. некроздың жаңа ошақтары 72 сағатқа дейін пайда болады
Г. жас адамдарда жиі дамиды
Д. ЭКГ-да өзгерістер тіркелмейді
<variant> А, Б
<variant> А, В
<variant> Б, В
<variant> В, Г
<variant> Г, Д
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Оң қарыншаның гипертрофиялануы тән:
А. өкпенің созылмалы ауруларына
Б. митраль стенозына
В. үш жармалы қақпақша жетіспеушілігіне
Г. артериялық гипертензияға
Д. қолқалық өзектің тарылуына
<variant> А, Б, В
<variant> А, В, Г
<variant> Б, В, Г
<variant> А, В, Д
<variant> А, Б, Г
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Сол қарыншаның диастолалық күштемелі гипертрофиясы келесі ақауға тән:
<variant> қолқа қақпақшасының жетіспеушілігіне
<variant> митраль стенозына
<variant> үш жармалы қақпақшаның жетіспеушілігіне
<variant> созылмалы өкпе текті жүрекке
<variant> аорталық стенозға

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз.Төмендегі келтірілген жағдайлардың біреуі кардиомиопатияларға жатпайды
<variant> острая очаговая дистрофия миокарда
<variant> алкогольная кардиомиопатиям
<variant> поражение сердца при климаксе
<variant> поражение сердца при хроническом тонзиллите
<variant> поражение сердца при тиреотоксикозе
<question>Науқас 50 жаста, стенокардияның 3 ФК. ЭКГ: синусты ырғақ, PQ интервалы біртіндеп ұзарып, кезекті QRS комплексі түсіп қалған. Науқасқа антиангиналық дәрмек ретінде қолдануға болмайтынын топты белгілеңіз:
<variant> бета-адреноблокаторлар
<variant> нитраттар
<variant> кальций антагонистері
<variant> калий каналының активаторлары
<variant> сиднониминдер
<question>Науқас 50 жаста, стенокардияның 3 ФК. ЭКГ: синусты ырғақ, PQ интервалы біртіндеп ұзарып, кезекті QRS комплексі түсіп қалған. Науқасқа антиангиналық дәрмек ретінде қолдануға болмайтынын белгілеңіз:
<variant> Пропранолол
<variant> Нитроглицерин
<variant> Дилтиазем
<variant> Нифедипин
<variant> Изосорбид динитраты
<question>Дұрыс жауабын белгілеңіз. Миокард инфарктіне ұшыраған науқасқа ацетилсалицил қышқылының әсері жетпегенде, тағайындалатын тромбоциттердің антиагреганты.
<variant> клопидогрель (плавикс)
<variant> дипиридамол (курантил)
<variant> аминофиллин
<variant> абциксимаб
<variant> тромбо АСС
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз.58 жастағы науқас әйелде, бақшада ауыр жұмыс істегеннен кейін төс артында күшті басып ауырғандық, ауаның жетпеуі, әлсіздік, тершеңдік дамыды. Нитроглицериндіекі рет қабылдау жеңілдік бермеді. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта, терісі бозғылт, ылғалды. Жүрек тондары ырғақсыз. АҚ 160/95 ммсын.бағ., ЖЖС 90 мин.Тынысы везикулалық, іші өзгеріссіз.
<variant> Миокардтың жедел инфаркті
<variant> Жедел миокардит
<variant> Климактериялық кардиопатия
<variant> Артериялық гипертензия
<variant> Қабырға аралық невралгия
<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Пульс толқынының жылдам биіктеп, іле-сала күрт төмендеуі, САҚ мен ПАҚ жоғарылауы тән:
<variant> аорта қақпақтарының шамасыздығына
<variant> митраль стенозына
<variant> митраль қақпақтарының шамасыздығына
<variant> аорталық стенозға
<variant> аорта коарктациясына

<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Миокардтың жедел инфарктінің жедел кезеңіндегі сезімділігі ең жоғары маркерді белгілеңіз:
<variant> тропонин I
<variant> аспарагинат трансаминаза (АСТ)
<variant> ЛДГ лактатдегидрогеназы
<variant> аланинді трасаминаз (АЛТ)
<variant> креатинфосфокиназ (КФК)
<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Нью-Йорк Ассоциясының жіктемесіне сәйкес мына клиника тұрақты стенокардияның IV функциялық класына сай:

<variant> мардымсыз физикалық жүктемеге жағдайы едәуір нашарлайды
<variant> физикалық жүктемеге жеңіл шектеу бар
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырмайды
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<variant> азғантай физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Нью-Йорк Ассоциясының жіктемесіне сәйкес мына клиника тұрақты стенокардияның III функциялық класына сай:
<variant> азғантай физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<variant> физикалық жүктемеге жеңіл шектеулік
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырмайды
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<variant> азғантай физикалық жүктемеден кейін жағдайы едәуір нашарлайды
<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Нью-Йорк Ассоциясының классификациясына сәйкес мына клиника II функциялық класына сай:
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<variant> физикалық жүктемеге жеңіл шектеулік
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырмайды
<variant> азғантай физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<variant> азғантай физикалық жүктемеден кейін жағдайы едәуір нашарлайды
<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Нью-Йорк Ассоциясының классификациясына сәйкес мына клиника тұрақты стенокардияның I функциялық класына сай:
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырмайды
<variant> физикалық жүктемеге жеңіл шектеулік
<variant> күнделікті физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<variant> азғантай физикалық жүктеме ентігу мен жүректің соғуын тудырады
<variant> азғантай физикалық жүктемеден кейін жағдайы едәуір нашарлайды
<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Нью-Йорк Ассоциясы (NYHA) ЖСШ ... функциялық класын бөлді.
<variant> 4
<variant> 3
<variant> 1
<variant> 2
<variant> 0
<question>Дұрыс жауабын таңдаңыз. Келтірілгендерден жүректің жедел жеткіліксіздігінің себебі бола алады:
<variant> миокардтың инфаркті
<variant> жедел панкреатит

<variant> өкпе ателектазы
<variant> іштің жарақаты
<variant> госпитальді пневмония
<question>59 жастағы науқас ӨСОА, басым бронхиттік түрі, С категориясымен дертті. ЭКГ: II, III, avF,V1,V2 тіркемелерінде Р тісшесінің амплитудасы биіктеген, үшкір.ЭКГ бойынша дұрыс тұжырымды таңдаңыз:
<variant> оң жүрекше гипертрофиясы
<variant> синоатриаль блогі
<variant> АВ блогінің I дәрежесі
<variant> сол жүрекше гипертрофиясы
<variant> толық АВ-блок
<question>Дұрыс жауапты белгілеңіз. Науқас 56 жаста, 2 ай бұрын миокардтың асқынбаған инфаркті болған, бұл науқасқа физикалық жүктемемен сынақ жасалды. Гемодинамиканың алғашқы көрсеткіштері келесідей болған: АҚ 115/80 мм сын. бағ., ЖСС 74 мин. Сынақты өткізу барысында, сынақты тоқтатуға негіз болатын белгі дамыды.
<variant> ST сегментінің >2 мм депрессиясы
<variant> АҚ 140/95 мм сын. бағ. дейін көтерілуі
<variant> ЖСС минутына 115-тен көбеюі
<variant> қарыншаүстілік сирек экстрасистолалар
<variant> Т тісшесінің тегістелуі
<question>Дұрыс клиникалық тұжырым таңдаңыз. Науқас 53 жаста, стенокардия клиникасы байқалған, коронарографиялық зерттеу жасалған. Коронарлық қантамырларда өзгерістер анықталмаған.
<variant> Кардиальді синдром Х
<variant> науқаста жүректің ишемиялық ауруы жоқ
<variant> ЖИА. Вариантты стенокардия
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы ФК I
<variant> кардиаль типтегі нейроциркуляциялық дистония
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз.52 жасар науқаста миокардтың трансмур инфарктімен ауырғаннан 2 аптадан соң субфебриль қызба, ентігу, буындарының ауыруы пайда болған. Об-ті: плевра қуысында сұйықтық анықталды, аускультациямен перикардтің үйкеліс шуы естілді.

<variant> Дресслер синдромы
<variant> жүректің созылмалы жетіспеушілігінің дамуы
<variant> пневмония, плевритпен асқынған
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> инфекциялық эндокардит
<question>Тиімді емін таңдаңыз: 52 жасар науқас, миокардтың трансмур инфарктімен ауырғаннан 2 аптадан соң субфебриль қызба, ентігу, буындарының ауыруы пайда болған. Об-ті: плевра қуысында сұйықтық анықталды, аускультациямен перикардтің үйкеліс шуы естілді. Инфарктен кейінгі асқыну - Дресслер синдромы нақталды.
<variant> жоғары дозадағы ҚҚСЕД немесе преднизолон
<variant> ААФ ингибиторлары
<variant> антибиотиктер
<variant> диуретиктер
<variant> жүрек гликазидтері диуретиктермен қосарласқан

<question>Бұл клиника тән нообірлікті таңдаңыз: АГ бар 39 жастағы ер кісі, бөлімшеге тыныштық жағдайында кеудесінде қысып ауыратын сезімдеріне шағымданып түсті. ЭКГ: төменгі тіркемелерде ST сегментінің 4 мм жоғарылауы бар. Бұл белгілер нитроглицерин қабылдағаннан кейін азайды. Жүректің катетеризациясы қалыпты коронарлық тамырларды көрсетті, эргоновинмен сынама жасағанда оң коронарлық артерияның тарылуы дамыды.
<variant> Принцметал стенокардиясы (ерекше, түнгі)
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы ФК II
<variant> АГ жүректің ишемия ауруы жоқ белгілермен
<variant> метаболизмдік синдром
<variant> коронарлы Х синдром
<question>Осы науқасты емдеудің ең дұрыс вариантын белгілеңіз:18 жасар науқаста, кешенді зерттеу барысында, митраль қақпақшаның пролапсі, митральді жетіспеушілігінің белгілерімен анықталды.
<variant> ЭхоКГ әр 6-12 ай сайын өтіп, инфекциалық эндокардиттің алдын алу үшін бактериемия шақыратын жағдайларда антибиотиктерді қабылдау керек екендігін түсіндіру
<variant> операциялық емге жіберу (митраль қақпақшасын протездеуге)
<variant> болжамы қолайлы деп, әр 3-5 жылда ЭхоКГ өтуін ұсыну , алдын алу антибактериялық емге көрсетпелер жоқ
<variant> электрофизиологиялық зерттеуден өту
<variant> вета-блокаторлармен дәрілік терапияны бастау
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз.Науқас 35 жаста, ауруханаға физикалық жүктемеге байланыссыз жүрек аймағындағы ауыру сезімдеріне, ентігуге, жүрек ырғағының бұзылуына, аяқтарындағы ісінулерге шағымданып түсті. Анамнезінде ұзақ уақыт ішімдік қабылдаған. Аптасына 2-3 рет 500-700 мл арақ ішеді. Әсіресе соңғы жыл ішінде ішімдікке беріліп кеткен. Зерттеу кезінде жүрегінде өзгерістер анықталды: жүрек шекаралары солға кеңейген, ЭКГ электр өсі өзгеріссіз, атриовентрикул өткізгіштігінің баяулауы (PQ 0,28) , кеуде тіркемелерінде ST сегменті төмен ығысқан, V4-V6 T тісшесі қос фазалы. ЭхоКГ сол қарыншаның жиырылу қызметінің төмендеуі көрсетілді.
<variant> алкогольдік кардиомиопатия
<variant> миокардит
<variant> идиопатиялық гипертрофиялық кардиомиопатия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы
<variant> жүректің ақауы
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Митраль қақпақшасының пролапсіндегі аускультациялық белгі:
<variant> мезосистолалық шертпе
<variant> жүрек ұшындағы систолалық шу
<variant> I тонның әлсіреуі
<variant> митраль қақпақшаның ашылу шертпесі
<variant> диастолалық діріл
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Жүрек тампонадасын нақтайтын белгі:
<variant> парадоксті пульс ( pulsus paradoxus )
<variant> жоғары пульстік қысым
<variant> Куссмауль симптомы
<variant> жүректік соққының күшеюі
<variant> инспирациялық ентігу
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Жіті перикардиттің физикалық белгісі:

<variant> абсолютті тұйықтық аймағындағы перикардтың үйкеліс шуы
<variant> 3 тонның пайда болуы
<variant> пансистолалық шу
<variant> 4 тонның пайда болуы
<variant> I тонның әлсіреуі
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Бала кезінен сол II-III қабырға аралығында үзіліссіз систолодиастолалық шудың анықталуы тән ақау:
<variant> ашық артериялық өзек
<variant> жүректің митраль ақауы
<variant> қарынша аралық перденің дефекті
<variant> қолқа коарктациясы
<variant> сәбилер гемодинамикасының функциялық жағдайы
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Жүрек ұшында голосистолалық шу мен сол қарыншалық жетіспеушіліктің бір мезгілде дамуы тән:
<variant> емізікшелі бұлшық еттің үзілуіне
<variant> қолқаның сылыну аневризмасына
<variant> қарынша аралық перденің жыртылуына
<variant> сол қарыншаның аневризмасына
<variant> өкпе артериясының эмболиясына
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Үлкен пульстік қысым, артериялардағы Траубенің қос тоны және Дюрозье шуы, жылдам және жоғары пульс, бастың ырғақты шайқалуы тән ақау.
<variant> қолқа қақпақшасының жетіспеушілігі
<variant> қолқа өзегінің тарылуы
<variant> үш жармалы қақпақшаның шамасыздығы
<variant> қарыншаралық перде дефекті
<variant> митраль қақпақтарының жетіспеушілігі
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Миокардтың трансмуральді инфарктінің ерте ЭКГ белгісі:
<variant> QS кешенінің пайда болуы
<variant> QRS комплексінің өзгерісі
<variant> Т сермесінің инверсиясы
<variant> жүрек ырғағының бұзылысы
<variant> ST сегментінің 1 мм-ден аса жоғарылауы
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Гис шоғыры сол аяқшасының блокадасы негізінде дамыған миокардтың инфаркті:
<variant> QRS комплексінің ені 0,12 с аса кеңігенде, R вольтажы бұрынғысынан төмендей түскенде
<variant> V5-V6 тіркемелерінде Q тісшесі анықталмағанда, қарыншалық кешен ені сақталғанда
<variant> V1-V2 тіркемелерінде QS комплексі болғанда
<variant> V5-V6 тіркемелерінде QR кешендері, R тісшесінің өрлеме бөлігі тісшеленген
<variant> ST интревалы 3 мм және одан көп төмен ығысқан
<question>Дұрыс ЭКГ тұжырымды бөліңіз. Өкпе артериясы тромбоэмболиясының негізгі электрокардиографиялық белгілері:
<variant> SI-QIII синдромы және ST сегментінің III,V1,V2 тіркемелерінде жоғары ығысуы
<variant> V4-V6 тіркемелерінде терең Q сермесі
<variant> I, II және aVL тіркемелерінде ST сегментінің депрессиясы
<variant> II, III және aVF тіркемелерінде ST сегментінің депрессиясы

<variant> кеуделік әкетулерде Т тісшесінің инверсиясы
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатияның классикалық ЭхоКГ белгісін көрсетіңіз.
<variant> қарыншааралық перденің асимметриялық гипертрофиясы
<variant> сол қарыншаның гипертрофиясы
<variant> сол қарыншаның қуысының кеңеюі
<variant> оң қарыншаның қуысының кеңеюі
<variant> митраль регургитациясы
<question>Дұрыс ЭКГ тұжырымды таңдаңыз. Келтірілгендердің біреуі ЭКГ тесті физикалық жүктемемен жалғастыруға қарсы көрсетпе:
<variant> ST сегментінің 3 мм артық ишемиялық депрессиясы
<variant> бірлі-екілі қарыншаүстілік экстрасистолалар
<variant> АҚ шамалы ғана көтерілуі
<variant> жүрек соғу санының жиілеуі
<variant> АҚ шамалы ғана төмендеуі
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Аорта сағасының тарылуы ... жалғасады:
<variant> сол қарыншадағы систолалық қысымның жоғарылауына
<variant> қолқадағы систолалық қысымның жоғарылауына
<variant> жүректің минуттық көлемінің көбеюіне
<variant> сол жүрекшедегі қысымның төмендеуіне
<variant> өкпелік гипертензияға
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Төмендегі келтірілгендердің біреуі тұрақты ЭКС қоюға көрсетпе саналады:
<variant> толық атривентрикудік блокада
<variant> жүрекшелердің жыбыры
<variant> I дәрежелі атриовентрикулярлы блокада
<variant> қарыншалық эктрасистолия
<variant> синустық брадикардия минутына 50 -ден аз
<question>Дұрыс қортындыны таңдаңыз. Төмендегі келтірілген тұжырымдардың біреуі АГ емдеудегі дұрыс нәтижесі саналады:
<variant> АГ емдеу инсульттің және ЖИА жиілігін төмендетеді
<variant> АГ емдеу инсульттің жиілігін төмендетеді, бірақ ЖИА жиілігін шамалы ғана төмендетеді
<variant> АГ емдеу ЖИА жиілігін төмендетеді, бірақ инсульттің жиілігін шамалы ғана төмендетеді
<variant> АГ емдеу инсульттің жиілігін төмендетеді, бірақ ЖИА жиілігін жоғарылатады
<variant> АГ емдеу бүйрек зақымдалуына әсер етпейді
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Стенокардияға патогномды болып табылады:
<variant> физикалық күштемеге төс артының ауыруы және ST сегментінің 2 мм және одан аса депрессиясы
<variant> ST сегментінің 1 мм-ге және одан аз көтерілуі
<variant> физикалық күштемеге төс артының ауыруы, физикалық күштемеге ЭКГ өзгеріссіз болуы
<variant> физикалық күштемеге экстрасистолияның дамуы
<variant> III стандартты және aVF тіркемелерінде Q тісшесінің ұлғаюы
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Принцметал стенокардиясына тән емес:
<variant> ауырсыну синдромының жүктемеге дамуы

<variant> циклді сипат
<variant> ауыру сезімдерінің түнде пайда болуы
<variant> ұстама кезінде ST сегментінің изолиниядан аса жоғары көтерілуі
<variant> ауыру сезімі күшею кезеңінің оның тоқтау кезеңіне тең келуі
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Стенокардия ұстамасына нақты себеп бола алады:
<variant> аталған факторлар
<variant> қобалжу
<variant> суыққа шығу
<variant> физикалық күштеме
<variant> АҚ көтерілуі
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Миокард инфарктін дәлелдейтін серологиялық маркері
<variant> алғашқы тәулікте Tn I және Tn T деңгейінің жоғарылауы
<variant> алғашқы тәулікте АЛТ деңгейінің жоғарылауы
<variant> Оң С-реакциялық протеин
<variant> алғашқы 3-4 сағатта ЛДГ деңгейінің жоғарылауы
<variant> алғашқы 3 тәулікте АСТ деңгейінің жоғарылауы
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Миокард инфарктінің ерте асқынуларына жатпайды:
<variant> миокардтың қайталанған инфаркті
<variant> өкпе ісінуі (шемені)
<variant> қан айналымның тоқтауы
<variant> миокардтың жарылуы
<variant> Гисс аяқшасының блогі
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Оң қарыншаның инфарктіне тән ЭКГ көріністерін таңдаңыз:
<variant> V3R және V4R тіркемелерінде ST сегментінің жоғарылауы
<variant> II, III, AVF тіркемелерінде P-pulmonale пайда болуы
<variant> оң қарыншаға күш түсу көріністері (терең S V5-6)
<variant> ЖЭО оңға ығысуы
<variant> Гисс шоғырының оң аяқшасының толық блогі
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Миокард инфарктінде келтірілгендердің біреуі тромболизистік емге қарсы көрсетпе саналады: .
<variant> аорта аневризмасының ажырауына күмәндану
<variant> АҚ 160/100 мм сын. бағ.
<variant> миокардтың трансмурлы инфаркті
<variant> Гисс шоғырының сол аяқшасының толық блогі алғашқы рет дамығанда
<variant> некроздалудың басталуы 3 сағаттан аспағанда
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Оң қарыншалық жетіспеушілігінде кездеспейтін симптом:
<variant> кіші қан айналым жүйесінде гипертензия
<variant> аяқтарының ісінуі
<variant> мойын көк тамырларының ісінуі
<variant> өкпе капиллярларында қысымның жоғарылауы
<variant> оң қарыншада соңғы диастолалық қысымның жоғарылауы
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Төмендегі симптомдар мен физикалық белгілердің біреуі сол қарыншалық жетіспеушілікке аса тән белгі:

<variant> ортопное
<variant> мойын веналарының ісінуі
<variant> асцит
<variant> анорексия
<variant> бауыр өлшемдерінің ұлғаюы
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. “Кіші үнсіз жүрек” және жүрек ұшы түрткісі анықталмайтын оң қарыншалық шамасыздық келесі нозологияға тән:
<variant> констрикциялық перикардит
<variant> экссудатты перикардит
<variant> дилятациялық кардиомиопатия
<variant> артериялық гипертензия
<variant> аорта аневризмасын
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатиядағы шу ..... жағдайдағы шуға ұқсайды:
<variant> аорта стенозындағы
<variant> аорта коарктациясындағы
<variant> үш жармалы қақпақша жетіспеушілігіндегі
<variant> қарынша аралық перде жетіспеушілігіндегі
<variant> ашық артериялық түтікке (Боталлов өзегі)
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Дилатациялық кардиомиопатияда орын алады:
<variant> миокард жиырылу қабілетінің диффузды нашарлауы
<variant> миокард жиырылу қабілетінің локалді төмендеуі
<variant> миокард жиырылу қабілетінің күшеюі
<variant> қарынша аралық перденің қалыңдауы
<variant> диастолалық дисфункция
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Инфекциялық эндокардиттегі ЭхоКГ диагноздық критерий:
<variant> қақпақшалардағы вегетация
<variant> митраль регургитациясы
<variant> сол жақ қарыншаның дилатациясы
<variant> жармалардың перфорациясы
<variant> қақпақшалар жармаларының кальцинозы
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Либман-Сакс эндокардиті бұл –
<variant> жүйелі қызыл жегідегі эндокардит
<variant> инфекциялық эндокардит
<variant> ревматизмдік эндокардит
<variant> терминаль эндокардит
<variant> жеделдеу сепсистік эндокардит
<question>Дұрыс қорытындыны таңдаңыз. Науқастарды ААФ ингибиторларынан АII рецепторларының блокаторларына (сартандарға) ауыстырғанда азаятын/сирейтін жанама әсерді табыңыз:
<variant> жөтел
<variant> гиперкалиемия
<variant> бүйректік дисфункция
<variant> ангиоісінулер
<variant> жоғарыда көрсетілген жанама әсерлердің ешайсысы емес

<question>Пациентке динамикалық бақылаудың тобын таңдаңыз. Жалпы тәжірибелік дәрігерге скринингпен қаралуға 37 жастағы ер кісі келді. Шағымдары жоқ. Шылым шегеді. Анамнезінде: әкесі жүректің ишемиялық ауруымен және АГ ауырады. Физикалық қараудың қорытындысынан: ДСИ 34, АҚ кейде 135-140/85 мм сын. бағ. дейін жоғарылайды.
<variant> Д-II
<variant> Д-IБ
<variant> Д-IА
<variant> Д-III
<variant> Д-IV
<question>Диагноздың бірінші кезеңінде қандай зерттеу жүргізу керектігін таңдаңыз. Ер кісі 45 жаста, 2 апта бұрын пайда болған, физикалық жүктемеде дамитын,1-2 мин созылатын және спонтанды жойылатын төс артындағы ауыру сезіміне шағымданып, аймақтық дәрігерге келді. Күніне 1 қорап шылым тартады. Объективті: ДСИ (ИМТ) 32, АҚ 135/65 мм сын.бағ. ЖЖС 75 мин, жүрек тондары анық,ретті.
<variant> Коронароангиография
<variant> Кеуде торының Р-графиясы
<variant> Эхокардиография
<variant> Электрокардиография
<variant> Ұйқы артериясының допплер-сонографиясы
<question>Антигипертензиялық дәрмектер тобын таңдаңыз. Ер кісі 44 жаста, 5 жылдай АҚ 150-160/90-95 мм сын. бағ. дейін жоғарылайды. Қант диабеті 2 типті, диабетон қабылдайды. Об-ті: жүректің сол шекарасы сол жақ бұғана ортаңғы сызығымен. Өкпесінде везикулалық тыныс. Жүрек тондары анық, ырғақты. ЖЖС 80 мин. АҚ 160/94 мм сын. бағ. Сарысудағы холестерин 6,0 ммоль /л, сарысудағы креатинині 75 мкмоль/л, глюкоза 5,4 ммоль/л. МАУ 100 мкг тәулігіне.
<variant> сартандар
<variant> селекциялық емес БАБ
<variant> селекциялық БАБ
<variant> диуретиктер
<variant> орталық әсерлі
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Ер кісі 68 жаста. Соңғы 2 жылда жүректің шалыс соғуы, жүрек қағуының жиілеуі пайда болды. Анамнезінде 15 жылдан бері артериялық гипертензия 2 дәрежесі және ЖИА бар. Жүрек аускультациясында: ритмі дұрыс емес, жүректің жиырылу жиілігі 100, пульсі 86 мин., тұрақсыз. ЭКГ оқығанда күтетін өзгеріс.
<variant> Р тісшесі жоқ, f толқындары, R-R аралығы әртүрлі
<variant> кезектен тыс QRS комплексі және компенсациялық үзіліс
<variant> Р тісшесінен кейін QRS комплексінің кезеңді түсіп қалуы
<variant> жіңішке QRS алдында Р тісшесі, R-R аралығы бірдей
<variant> QRS алдында Р тісшесі, R-R аралығы бірдей, Т тісшесі теріс
<question>Тиімді емін таңдаңыз. Әйел 32 жаста, дене қызуының 38,5°С дейін жоғарлауына, аз бөлінетін шырышты-іріңді қақырықпен жөтелге,аздаған ентігуге шағымданып келді. 10 күннен бері ауырады, ауру қызбамен, тамағындағы ауыру сезімімен, құрғақ жөтелмен жедел басталған, 3 күн бұрын жағдайы ауырлап,ентігу пайда болған. Об-ті: АҚ 110/70 мм сын. бағ., ЖЖС 95 мин, ТЖ 21 мин, оң өкпенің төменгі бөлігінде әлсіз тыныс фонында крепитациялар естілді, ортаңғы және жоғарғы бөлігінде бронхтық тыныс. Пульсоксиметрия 95%. ҚЖА: лейк. $11x10^9$/л, эр. 3,2х109/л, Нв 123 г/л, ЭТЖ 24 мм/сағ. Рентгендік зерттеуді: оң өкпенің төменгі бөлігінде орташа интенсивті инфильтратты көлеңке.

<variant> амоксициллинмен амбулаториялық ем
<variant> күндізгі стационар жағдайында цефтриаксонмен емдеу
<variant> пефлоксацинмен амбулаториялық ем
<variant> терапевтік бөлімге госпитализациялау, ровамицин
<variant> РИТБ (ОРИТ) госпитализациялау, ципрофлоксацин
<question>Тиімді емін таңдаңыз. 56 жастағы ер кісі ауа райы өзгергенде және жұмыс күнінің соңында жиі бас ауыратынына шағымданды. 7 жыл бұрын АГ анықталған. 2 жыл бұрын ишемиялық инсульт алған, 20 жылдан бері күніне бір қораптан шылым шегеді. Об-ті: жүрек тондары анық, аортада 2 тонның акценті. АҚ 165/100 мм сын. бағ. Жүректің сол шегі 1 см сыртқа ығысқан. ЭхоКГ: сол қарынша миокардының индекс массасы 140 г/м2, УДДГ: ұйқы артериясының интима-медиа комплексі 1,1 мм, ұйқы артериясының бифуркациясында1,5 мм.
<variant> фозиноприл және карведилол
<variant> лизиноприл және валсартан
<variant> бисопрололмен монотерапия
<variant> лизиноприлмен монотерапия
<variant> амлодипин және каптоприл
<question>Әйел 69 жаста. Емханаға барып келгеннен кейін бірнеше сағаттан кейін селсоқтық, лихорадка, мұрнының бітуі, көзінен жас ағу, жөтел, бүткіл денесінің ауруы пайда болды. Науқас ӨСОА бойынша тіркеуде тұрады. Басталған аурудың асқынуының алдын- алу үшін тағайындалатын дәрмекті таңдаңыз.
<variant> осельтамавир
<variant> моксифлоксацин
<variant> беродуал
<variant> метронидазол
<variant> азитромицин
<question> Диагноздық тұжырымды таңдаңыз. Қабылдау бөліміне АГ бар 65 жастағы әйел АҚ 195/110 мм сын. бағ. жоғарылағанда сөйлеу бұзылысының дамуына шағымданып түсті. Неврологиялық статусы: есі анық, қарашықтары D=S, оң мұрын еріндік қатпары тегістелген, моторлы афазия, оң жақты гемипарез , бұлшықеттік тонус және сіңірлік рефлексі жоғарылаған, Бабинский симптомы оң.
<variant> ишемиялық инсульт
<variant> гипертензиялық жедел энцефалопатия
<variant> транзиттік ишемиялық атака
<variant> серозды менингит
<variant> геморрагиялық инсульт
<question>Дұрыс зерттеу тактикасын және негізгі дәрмекті таңдаңыз. Әйел адам, гестация кезеңі 27-28 апта. Дене қызуының жоғарылауына, құрғақ жөтелге, кеуде торшасындағы ауыру сезіміне, ентігуге шағымданды. Қалада тұмау мен ЖРВИ аурушылдығы жоғары. Температурасы 39,4$^0$С, аңқасының шырышты қабаты айқын гиперемияланған, жұтқыншақтың артқы қабырғасы түйіршіктенген. Көз склераларының қан тамырлары инъекцияланған. Өкпесіндегі тынысы қатайған, сырылдары жоқ. Жүрек тондары бәсеңдеген, ЖЖС 130 мин., АҚ 90/60 мм сын.бағ., ТЖ – 32. ҚЖА: эр. – 3,2х1012/л, Нв 115 г/л, лейк. – 3,2х109/л, эоз. – 3%, т/я – 15%, с/я – 60%, мон. – 7%, лимф. – 15%, ЭТЖ – 15 мм/сағ.
<variant> жедел госпитализациялау, негізгі дәрмек осельтамавир
<variant> амбулаториялық ем, негізгі дәрмек азитромицин
<variant> күндізгі стационар жағдайындағы ем, детоксикацилық ем
<variant> терапия бөліміне жоспарлы госпитализациялау, ацикловир

<variant> жедел госпитализациялау, негізгі дәрмек цефтриаксон
<question>Келтірілген белгілердің рентгенограммада анықталатынын таңдаңыз.Әйел 25 жаста, жөтелмен бірге қиын бөлінетін шырышты-іріңді қақырыққа, әлсіздікке, t° 37,5С дейін кешкіліктерде көтерілгеніне шағымданды. Суықтаудан кейін жіті ауырған. Об-ті: сол жауырын аймағының бронхофониясы күшейген, перкуссиялық дыбысы тұйықтау, сол жерде майда көпіршікті ылғалды сырылдар естілді. Қан анализінде: НВ 128г/л, эр. $4.7*10^{12}$г/л, лейк. -$9x10^{9}$/л, ЭТЖ 25 мм/сағ.
<variant> Сол өкпенің төменгі бөлігінің инфильтрациялық ошақтық қараюы
<variant> Сол жақ бөлігінің өкпе суретінің күшеюі
<variant> Өкпе түбірінің кеңеюі, олардың құрылымсыздығы
<variant> Сол жақ өкпенің төменгі бөлігінің интенсивті қараюы
<variant> Сол қабырғадиафрагмалық синустың 7 қабырғаға дейін жойылуы
<question>Науқас емінің тактикасын таңдаңыз. Әйел 32 жаста, қабылдауға тұншығуға және ұстама тәріздес құрғақ жөтелге шағымданып келді. Ақырғы аптада екі рет түнде тұншығудан оянып, беротекпен қайтарған. Об-ті: тері түсі бозғылт. ТЖ 22 мин. Об-ті: ТШЖ (ПСВ) 85%. Диагноздық тұжырым жасалды: Бронхтық астма, аллергическиялық фенотип, жеңіл персистенциялаушы ағымы, жартылай бақыланатын, өршуі жеңіл дәрежелі, ТШ I.
<variant> Базистік емге ИГКС (будесонид форте 200 мкг 2 рет/тәу.) және бронходилятатордан сальметерол 50 мкг 2 рет/тәу
<variant> Базистік емге ИГКС (будесонид форте 400 мкг 2 рет/тәу.) және бронходилятатордан сальметерол 50 мкг 2 рет/тәу
<variant> Базистік емге ИГКС (будесонид форте 400 мкг 3 рет/тәу.) және бронходилятатордан сальметерол 50 мкг 2 рет/тәу
<variant> Базистік ем тағайындалмайды, тұншығу ұстамалары кезінде ғана сальбутамол
<variant> Базистік емге ИГКС (будесонид форте 200 мкг 2 рет/тәу.) және бронходилятатордан теофиллин по 0,2/2 рет тәулігіне
<question>Дұрыс емдік тактиканы таңдаңыз. Науқас 56 жаста, көптеген жылдар ӨСОА, басым бронхиттік типі, В категориясынан зардап шегеді, суық тигеннен кейін дене қызуының жоғарылауына, шырышты-іріңді қақырықты жөтелге, ентігуге, тершендікке шағымданды. Рентгенде оң жақ өкпенің төменгі бөлігінде инфильтрация анықталған.
<variant> Кларитромицин + амброксол + ипратропиум бромиді
<variant> Тетрациклин + метрогил + лазолван
<variant> Амоксиклав + гентамицин + бромгексин
<variant> Цефазолин + преднизолон + бромгексин
<variant> Пенициллин + амброксол + сальбутамол
<question>Науқастың диагнозын нақтайтын тексерулерді таңдаңыз. 74 жастағы ер кісі, тынысқа қатысы жоқ, төс артындағы үдемелі сығып ауырсынуға шағымданды. Нитроглицерин нәтиже бермеді.
<variant> ЭКГ, тропонин Т
<variant> Сцинтиграфия $Tl^{201}$
<variant> ЭхоКГ добутаминмен
<variant> ЭКГ физикалық жүктемемен
<variant> ЭКГ тәуліктік мониторингі
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Ер кісі 45 жаста, 2 апта бұрын пайда болған, физикалық жүктемеде дамитын,1-2 мин созылатын және спонтанды жойылатын төс артындағы ауыру сезіміне шағымданып аймақтық дәрігерге келді. Күніне бір қорап шылым тартады. Об-ті: ДСИ

(ИМТ) 32, АҚ 135/65 мм сын. бағ. ЖЖС 75 мин, жүрек тондары анық, ретті. Диагноздың бірінші кезеңінде келесі зерттеуді жүргізу керек:
<variant> Коронароангиография
<variant> Кеуде торының Р-графиясы
<variant> Эхокардиография
<variant> Холтер-Электрокардиография
<variant> Ұйқы артериясының допплер-сонографиясы
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Ер Науқас 22 жаста, терапевтке кешкі уақытта дене қызуының 37,7о дейін жоғарылауына, тершеңдік, әлсіздік, мазасыздық, 2 апта шамасында қақырықпен жөтелге,оң жақты кеуде қуысының ауруына, салмақ жоғалтуына шағымданып келді. Төмендегі шаралардың келесісі маңызды:
<variant> МБТ қақырықты зерттеу, жалпы шолу рентгенограмма
<variant> Бронхоскопия, жалпы шолу рентгенограмма
<variant> Спирография, жалпы шолу рентгенограмма
<variant> Спирография, бронхоскопия
<variant> Плевра қуысының ультрадыбыстық зерттеу, рентгенография
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Әйел 47 жаста, 2 апта бойы қиын бөлінетін шырышты-іріңді қақырықты жөтел және түнгі уақыттағы ұстамалы құрғақ жөтел, дене қызуының 38°С дейін жоғарылауы мазалайды. Об-ті: ТЖ 22 мин, өкпесінде қатаң тыныс, шашыранды құрғақ, ызыңды сырылдар. Рентгендік зерттеуде: өкпе суретінің күшеюі анықталды. Сіздің тактикаңыз:
<variant> рокситромицинмен амбулаториялық емдеу
<variant> күндізгі стационар жағдайында цефтриаксонмен емдеу
<variant> пефлоксацинмен амбулаторлы емдеу
<variant> терапевтік бөлімге госпитализациялау, ровамицин
<variant> терапевтік бөлімге госпитализациялау, левофлоксацин
<question>Дұрыс шешім таңдаңыз. Ер кісі 68 жаста. Соңғы 2 жылда жүректің шалыс, жиі соғуы, дамыды. Анамнезінде 15 жылдан бері артериялық гипертензия 2 дәрежесі және ЖИА. Жүрек аускультациясында: тондары ырғақсыз, жүректің жиырылу жиілігі 100 мин, пульс 86. ЭКГ келесі өзгерісті күтуге болады:
<variant> Р тісшесі жоқ, II, III, avF – f толқындары, R-R аралығы әртүрлі
<variant> кезектен тыс QRS комплексі және компенсациялық үзіліс
<variant> Р тісшесінен кейін QRS комплексінің кезеңді түсіп қалулары
<variant> жіңішке QRS алдында Р тісшесі, R-R аралығы бірдей
<variant> QRS алдында Р тісшесі, R-R аралығы бірдей, Т тісшесі теріс
<question> Антигипертензиялық дәрмекті таңдаңыз.: 62 жастағы, миокардтың инфарктін басынан өткізген, аяқ тамырларының облитерациялаушы атеросклерозының клиникасы бар ер кісіде об-ті: АҚ 170/100 мм сын. бағ., пульсі 76 мин., жүрек шамасыздығының белгілері жоқ.
<variant> амлодипин
<variant> бисопролол
<variant> коринфар
<variant> гипотиазид
<variant> индапамид
<question> Антигипертензиялық дәрмек тобын таңдаңыз: 62 жастағы, миокардтың инфарктін басынан өткізген, аяқ тамырларының облитерациялаушы атеросклерозының клиникасы бар ер кісіде об-ті: АҚ 170/100 мм сын. бағ., пульсі 86 мин., жүрек шамасыздығының белгілері жоқ.
<variant> кальций антагонистері, ұзақ әсерлі
<variant> бета-адреноблокаторлар

<variant> кальций антагонистері, қысқаәсерлі
<variant> диуретиктермен комбинациялынған сартандар
<variant> орталық әсерлі дәрмектер
**<question>АГ бар науқастардағы өте жоғары қауіп тобын көрсететін стратификация факторларын таңдаңыз:**
<variant> АГ 3 дәрежесі + ҚФ 3 көп, нысана органдардың зақымдануы бар
**<variant> АГ** 2 дәрежесі + ҚФ 3 кем, нысана органдардың зақымдануы жоқ
**<variant> АГ** 1 дәрежесі + ҚФ 2 кем, нысана органдардың зақымдануы бар
<variant> АГ 2 дәрежесі + ҚФ 2 кем, нысана органдардың зақымдануы жоқ
<variant> АГ 1 дәрежесі + ҚФ 2 кем, нысана органдардың зақымдануы жоқ
<question>Жетекші синдромдарын белгілеңіз: 40 жастағы әйел бас ауыруына, айналуына, естен тануларға шағымданып келді. Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы бар. Жүрек шектері солға ығысқан, оң II к/а және төс сүйегінің сол қырымен жоғары тембрлі, кеми түсетін, протодиастолалық шу, оң II к/а II тонның әлсіреуі естілді. Тамырларда Траубенің қос тоны, Дюрозьенің қос шуы, Квинке пульсі, білезік артериясында пульс биік, секірмелі, 100 мин. АҚ 160/50 мм сын. бағ.
<variant> аорта қақпақтарының шамасыздығы, САГ
<variant> аорта сағасының стенозы, артериялық гипотензия
<variant> митраль қақпақтарының шамасыздығы, ЖФ
<variant> сол а/в тесіктің стенозы, синкопе
<variant> үшжармалы қақпақтарының шамасыздығы, ЖФ
<question>Сәйкес емді таңдаңыз: 46 жастағы әйел ауыр жағдайда, ентігумен, көбікті, қызғылт қақырықты жөтелмен туымтарымен емханаға жеткізілді. Қозған күйде, ортопноэ жағдайында. Өкпе үстінің барлық аймақтарында түрлі калибрлі, ылғалды сырылдар естілді, тыныс жиілігі 38 мин. Жүрек тондары тұйық, тахикардия 128 мин. АҚ 230/120 мм сын. бағ.
<variant> диуретик+спиртпен ылғалданған $O_2$+морфин+нитрат
<variant> ; кислород+диуретик+ААФ ингибиторы
<variant> ; антибиотик+диуретик+β-блокатор
<variant> астмалық статус; антибиотик+бронхолитик+нитрат
<variant> , өкпе артериясының томбоэмболияс; кислород++морфин+нитрат
<question>62 жастағы ер кісіде күрт АҚ 220/110 мм сын. бағ. дейін жоғарылаған, күшті бас ауыруының негізінде айқын ентігу, ауа жетпеу сезімі, кеудесінің сығылуы дамыды. Өкпесінде әлсіреген везикулалық тыныс, екі өкпенің төменгі аймағында майда көпіршікті ылғалды сырылдар естіледі.. Жүрек тондары тұйықталған,ритм ырғақты, ЖЖС 100 мин. Дұрыс қадамды таңдаңыз: АҚ белсенді төмендету керек пе?
<variant> иә, себебі бұл жағдай өмірге қауіп тудырады
<variant> жоқ, себебі бұл науқас егде жаста
<variant> жоқ, себебі бұл жағдай өмірге қауіп тудырмайды
<variant> жоқ, себебі бұл жағдай өкпелік патологияның көрінісі
<variant> иә, себебі бұл егде жастағы науқастарға АҚ тез төмендеду керек
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. II типті кризде (Ратнермен) келтірілген препараттардың ішінен таңдаулы болып табылады:
<variant> нифедипин (коринфар)
<variant> пропранолол (обзидан)
<variant> нитроглицерин
<variant> клонидин (клофелин)
<variant> анаприлин

<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Өкпе шеменімен асқынған гипертензиялық криздегі таңдамалы дәрмек:
<variant> нитроглицерин
<variant> клонидин
<variant> нифедипин (коринфар)
<variant> анаприлин
<variant> пропранолол (обзидан)
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Нитропруссид натрийі ... гипертензиялық кризде көрсетілген:
<variant> өкпе шеменімен асқынған
<variant> ишемиялық инсультпен
<variant> миокардтың инфарктімен асқынған
<variant> аневризмада аорта қабаттары ажырағанда
<variant> аорталық стенозы бар науқастардағы
<question>Жетекші синдромдарын және диагнозын таңдаңыз. 20 жастағы ер кісі ауыр ентігу, қан қақыру, қызуы $38^0$С, жалпы әлсіздік шағымдарымен келді. Соңғы жыл ішінде екі рет пневмониямен ауырған. Қан қақыру, жөтел тоқтамаған соң туберкулезге тексерілген, дәлелденбеген. Антибактериялық ем нәтижесіз. Об-ті: жағдайы ауыр, терісі құқыл, диффузды ісіну. Өкпесінде әлсіз везикулярло тыныс, шашыраңқы құрғақ сырылдар. ТЖ 30 мин. Жүрек тондары әлсіз, барлық нүктелерде систолалық шу, ЖСС 104 рет, ырғақты. АҚ 150/100 мм сын. бағ. Рентгендік тексеруде өкпе суретінің деформациясы, орта, төменгі бөліктерінде өлшемдері 1-4 мм ошақты көлеңкелер, (сливные) бір-бірімен қосылған. Анемия, ЭТЖ жоғарылауы, протеинурия, гематурия. Қан мочевинасы 16 ммоль/л.
<variant> өкпелік диссеминация синдромы (торлы-түйінді), АГ, жүйелі васкулит, өкпелік-бүйректік геморрагиялық синдром (Гудпасчер синдромы)
<variant> өкпелік диссеминация (торлы-түйінді), АГ, идиопатиялық фиброздаушы альвеолит
<variant> өкпелік диссеминация (түйінді), АГ, саркоидоз
<variant> өкпелік диссеминация (түйінді), АГ, Вегенер гранулематозы
<variant> өкпелік диссеминация (түйінді), АГ, түйінді периартериит (полиартериит)
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: 55жастағы ер кісі соңғы жыл барысында бас ауыруына, бас айналуына шағымданды. Артериялық қысым бас аурулары кезінде 170/100 мм сын. бағ. дейін жоғарылайтынын бақылаған. Сұрастыру барысында анасында АГ болған,57 жасында инсульттен қайтқан. Науқастың дене салмағы артық, темекіні көп тартады, майлы тағамдармен сыраны көп қолданады.
<variant> артериялық гипертензия, II дәр., қауіп тобы III
<variant> артериялық гипертензия, I дәр., қауіп тобы III
<variant> артериялық гипертензия, I дәр., қауіп тобы IV
<variant> артериялық гипертензия, III дәр., қауіп тобы III
<variant> артериялық гипертензия, III дәр., қауіп тобы IV
<question>Емнің дұрыс тактикасын таңдаңыз. 42 жастағы, бірнеше жыл бронхтық астмамен сырқат әйелді тұншығу ұстамалары аптасына бірнеше рет мазалаған, дипроспан инъекциясынан кейін (дәрігер тағайындауынсыз) тұншығу ұстамасы бір ай көлемінде мазаламаған. Соңғы уақытта беротекпен басылмайтын жөтел мен ентігу дамыған, жағдайы түндерде ауырлаған.Об-ті: науқас мәжбүр қалыпта, айқын ентігу, дистанциялық сырылдар естілді.
<variant> Преднизолон в/і 30-60 мг, сальбутамол ингаляциясы, оттегі
<variant> Фенотерол ингаляциясы, эуфиллин ерітіндісі в/і, оттегі
<variant> Вентолинді небулайзермен енгізу, оттегі

<variant> Преднизолон в/і в дозе 30-60 мг, оттегі
<variant> Метилпреднизолон 120 мг в/і, фенотерол, оттегі
<question>Дұрыс диагнозын нақтаңыз.63 жастағы науқаста АҚ 220/100 мм сын. бағ. дейін күрт көтерілуі мен басының ауырсыну негізінде айқын ентігу, тыныс жеткіліксіздігі, кеудесінің тарылу сезімі дамыды. Өкпесінде әлсіз везикулалық тыныс, екі өкпенің төменгі бөліктерінде ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар естіле бастады. Жүрек тондары тұйық, ырғақты, ЖЖС 100 мин.
<variant> Артериялық гипертензия 3 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынған: СҚЖШ/ОЛЖН, өкпе шемені
<variant> Артериялық гипертензия 2 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынған: СҚЖШ/ОЛЖН, жүректік астма
<variant> Артериялық гипертензия 1 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынған: СҚЖШ/ОЛЖН, жүректік астма
<variant> Артериялық гипертензия 3 дәр. Қауіп-қатер тобы өте жоғары (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Асқ.: Гипертензиялық криз асқынбаған
<variant> Артериялық гипертензия 3 дәр. Қауіп-қатер тобы орта (жасы, СҚГ, ми қанайналымының созылмалы бұзылысы /ХНМК). Гипертензиялық жүрек, компенсацияланған
<question>Асқынуын белгілеңіз. Бронхоэктазбен ауыратын науқаста қатты жөтелден кейін аяқасты кеудесінің сол жартысында ауырсыну пайда болған және ентігу дамыған. Об-ті: кеудесінің сол жартысы тыныс актісінен қалыңқы және қабырға аралықтары тегістелген; перкуссияда - тимпанит.
<variant> Пневмоторакс
<variant> Өкпе ателектазы
<variant> Өкпе инфаркті
<variant> Өкпе эмфиземасы
<variant> Экссудатты плеврит
<question>Диагноз қоюға көмектесетін шешуші зерттеуді таңдаңыз. Әйел 29 жас, кеуде қуысының сол жартысының ауырсынуына, дене қызуының 39°С дейін көтерілуіне, ентігудің үдеуіне шағымданды. Объективті: сол жартысында дауыс дірілі әлсіреген, перкуссиялық дыбысы қысқарған. ТЖ 22 мин, ЖЖС 100 мин.
<variant> Кеуде қуысының рентгенографиясы
<variant> ЭКГ
<variant> Қанның жайылма анализі
<variant> Қанның жітіфазалық көрсеткіштері
<variant> Спирография
<question>Диагнозын таңдаңыз. Әйел 32 жаста, қабылдауға тұншығуға және ұстама тәріздес құрғақ жөтелге шағымданып келді. Ақырғы аптада екі рет түнде тұншығудан оянып, беротекпен қайтарған. Об-ті: тері түсі бозғылт. ТЖ 22 мин. Об-ті: ТШЖ (ПСВ) 85%.
<variant> Бронхтық астма, аллергиялық фенотип, жеңіл персистенциялаушы ағымы, жартылай бақыланатын, өршуі жеңіл дәрежелі, ТШ I
<variant> Бронхтық астма, аспириндік, орта ауырлықтағы персистенциялаушы ағымы, бақыланбайтын, өршу фазасы, ТШ II
<variant> Бронхтық астма, кеш дебюті, ауыр персистенциялаушы ағымы, бақыланбайтын, гормонтәуелді, өршу фазасы, ТШ II

<variant> Бронхтық астма, салмағы артық науқастың, интермиттолық ағымы, бақыланатын, өршу фазасы, ТШ I
<variant> Өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы, басым бронхиттік типі, А категориясы, өршуі, ТШ I
<question>Аорта коарктациясындағы артериялық гипертензияның даму генезін таңдаңыз:
<variant> тарылудан төменгі органдар ишемиясынан
<variant> аяқтар веналарының тромбозынан
<variant> бас миы қанайналымының шамасыздығынан
<variant> магистраль тамырлардың атеросклерозының қосылуынан
<variant> тәж артерияларындағы қан айналым бұзылысынан
<question>АҚ оң және сол қолдарында әртүрлі болғанда, оны қалыпты деңгейге дейін төмендетудің қауіптілігін таңдаңыз:
<variant> ишемиялық инсульттің дамуы
<variant> коронарлы тромбоздың дамуы
<variant> аортаның кеуде бөлігінің жіті аневризмасының дамуы
<variant> қолдарының парезінің дамуы
<variant> бүйректер қызметінің төмендеуі
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: Қатерлі артериялық гипертензиясы, бүйрек қызметінің үдемелі шамасыздығы және асимметриялық полиневриті бар 29 жастағы науқаста:
<variant> түйіншектік периартериит
<variant> созылмалы гломерулонефрит
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> амилоидоз, бүйрек зақымдануымен
<variant> геморрагиялық васкулит
<question>Жағдайының нашарлау себебін белгілеңіз: 65 жастағы эссенциальды артериялық гипертензиясымен дертті, өзі шешіп, тек коринфар қабылдап жүрген ер кісіде, бірнеше сағат бұрын Артериялық қысым 225/115 мм сын. бағ. дейін жоғарылады. Бас ауыруы, айналуы, оң қолында әлсіздік, құсу дамыды.
<variant> дәрмектің проишемиялық әсері-инсульт
<variant> антигипертензиялық ем жеткіліксіз болған
<variant> егде кісілер АГ ерекшелігі
<variant> бас миының веналық шамасыздығы
<variant> миокардтың жедел инфаркті
<question>Жетекші синдромдарын белгілеп, оларға тәуелді емді тағайындаңыз: темекіні “езіп ішетін” (заядлый курильщик) 46 жастағы ер адам ентігуге, шырышты-іріңді қақырықпен жөтелге, бас ауыруға, АҚ жиі көтерілуіне шағымданды. Об-ті: өкпесінде жайылған құрғақ сырылдар, аорта үстінде II тон акценті естілді, АҚ 170/100 мм сын. бағ. Бауыры оң қабырға доғасынан 2 см шығыңқы, тобықтарына дейінгі ісіну бар. ЭхоКГ: миокардтың жиырылу қабілетінің төмендеуі анықталды.
<variant> антибиотиктер-муколитиктер+диуретиктер+сартандар
<variant> антибиотиктер-муколитиктер+диуретиктер+β-блокаторлар
<variant> антибиотиктер-муколитиктер+кардиопротектолар+ААФ ингибиторлары
<variant> антибиотиктер-муколитиктер+диуретиктер+кальций антагонистері
<variant> антибиотиктер-муколитиктер+диуретиктер+альфа-адреноблокаторлар
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз. 19 жастағы қыздың шағымдары: қызба, анасаркаға дейінгі ісіну, несеп мөлшерінің азаюы, терісіндегі көбелек пішінді бөртпелер. Өзін 3 ай дертті

санайды. АҚ 200/100 мм сын. бағ. НЖА: белогі 3,3 г/ л; эритр. ескірген 29-30 к/ а. Бүйрек биопсиясы: капиллярларының қабырғалары қалыңдаған, базаль мембранасының дистрофиясы.
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> түйінді периартериит
<variant> біріншілік гломерулонефрит
<variant> пиелонефрит
<variant> бүйрек ісігі
<question>Болжам диагнозды таңдаңыз. Ауыр жағдайдағы науқасты қарағанда: тері жамылғылары бозғылт,малшынып терлеген, Артериялық қысым 90/55 мм сын. бағ., ЖЖС 90 минутына. Тамыр будасының ені кеңігені байқалады. Аортаның бойымен систолалық шу естілді. Іші пальпацияда жұмсақ, мезогастрийде солқылдап тұрған түзілім сезілді. Тропонинге экспресс тест теріс болды. ЭКГ: коронарлы шамасыздық және сол жақ қарынша шипертрофиясы белгілері.
<variant> аортаның аневризмасында қабаттарының ажырауы
<variant> артериялық гипертензия
<variant> тұрақсыз стенокардия
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы
<variant> гипертензиялық криз
<question>Жағдайды бағалап, науқасты жүргізу тактикасын таңдаңыз: 40 жастағы әйел бас ауыруына, айналуына, естен тануларға шағымданып келді. Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы бар. Жүрек шектері солға ығысқан, оң II к/а және төс сүйегінің сол қырымен жоғары тембрлі, кеми түсетін, протодиастолалық шу, II тон әлсіреуі естілді. Тамырларда Траубенің қос тоны, Дюрозьенің қос шуы, Квинке пульсі, білезік артериясында пульс биік, секірмелі, 100 мин. Артериялық қысым 160/50 мм сын. бағ.
<variant> аорта қақпақтарын протездеу
<variant> кардиолог бақылауы
<variant> медикаменттік ем
<variant> операциялық вальвулотомия
<variant> митраль қақпақтарын протездеу
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: ангинальді синдром мазалаған науқаста (Д есепте тұрады) ауырсынудың 15 минутында түсірілген ЭКГ ST сегментінің 2 мм горизонталь депрессиясы анықталды; изокет ингаляциясынан кейін ST сегменті қалпына келді, науқаста:
<variant> жедел коронарлық синдром, ST сегментінің ауытқуымен
<variant> миокард инфаркті, аса өткір кезеңі
<variant> ревматизмдік емес миокардит
<variant> экссудатты перикардит
<variant> рефлюкс-эзофагит
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: ер адам 38 жаста, шағымдары: аздаған физикалық күш түскенде дамитын, өздігінен басылатын ұзақтығы 4-5 минутқа созылатын, иррадиациясыз, жүрек алды аймағындағы ауырсыну. Әкесі 50 жасында кенет қайтыс болған. Об-ті: жүректің шекаралары қалыпты, ырғағы дұрыс, Боткин нүктесінде систолалық шу, ЖЖС 78 мин., АҚ 115/70 мм сын. бағ. ЭКГ: патологиялық Q тісшесі III,AVF,$V_4$-$V_6$. ЭхоКС: жүректің қуыстары өзгермеген, қарыншааралық перденің қалыңдығы 2 см, сол қарыншаның артқы қабырғасының – 1,4 см. Аластау фракциясы 72%.
<variant> гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия

<variant> жүректің ишемиялық ауруы, жедел коронарлы синдром, ST сегментінің жоғарылауымен
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақсыз стенокардия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, жедел коронарлы синдром, ST сегментінің жоғарылауынсыз
<variant> рестрикциялық кардиомиопатия
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз: ер кісі 50 жаста, жұмысындағы стрестік жағдайға байланысты ауырған, төс артын басатын интенсивті ауырсыну пайда болған. Науқас кешке жедел жәрдем шақырды. ЭКГ: $V_1$-$V_3$ тіркемелерінде R тісшесі жоқ, ST сегменті 6 мм жоғарылаған.
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, сол қарынша миокардының алдынғы- қабырғааралық қабырғасының жедел инфаркті, Killip I
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақсыз күш түсу стенокардиясы
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, алғаш анықталған күштемелік стенокардия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, вазоспазмдық стенокардия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, сол қарынша миокардының артқы-диафрагмалық қабырғасының жедел инфаркті, Killip I
<question>Болжам диагнозын белгілеңіз: ер кісі 50 жаста, түнгі уақыттарда (таң ата) төс артында ауыру сезімінің пайда болғанын, 15 минуттан кейін өздігінен немесе коринфар қабылдағаннан кейін басылатынына шағым айтты. АҚ 120/80 мм сын. бағ., пульсі 82 мин., тыныш күйдегі, физикалық күштememен ЭКГ патологиясыз, күштемеге толеранттылығы жоғары. Ұстама кезіндегі ЭКГ (холтер) кеуделік тіркемелерде ST сегменті 4-5 мм жоғары көтерілген.
<variant> коронарогенді кардиалгия (ангинальді синдром), ЖИА, вариантты стенокардия
<variant> коронарогенді кардиалгия (ангинальді синдром), ЖИА, алғаш дамыған күш түсу стенокардиясы
<variant> коронарогенді емес кардиалгия, нейроциркуляциялық дистония
<variant> коронарогенді кардиалгия (ангинальді синдром), ЖИА, тұрақты күш түсу стенокардиясы
<variant> коронарогенді емес кардиалгия, ГКМП (обструкциялық варианты)
<question>Болжам диагнозын белгілеңіз: 22 жасар жас азамат арқасымен жатқанда күшейетін және еңкейіп отырғанда, анальгетиктерді қабылдаған соң бәсеңдейтін, эпигастрий аймағына және екі қолға берілетін, жүрек маңындағы біртекті, ұзаққа созылған ауыру сезіміне шағымданды. Бір апта бұрын науқасты қызба, субфебрильді температура және қаңқа бұлшықеттерінің ауыру сезімі мазалаған. Об-ті: науқас мәжбүрлі отырған қалыпта, жүрек аускультациясында аяқ астындағы қар сықырына ұқсайтын шу анықталды.
<variant> жүрек алды аймақтың ауырсынуы, құрғақ перикардит
<variant> коронарогенді емес кардиалгия, ревматизмдік емес миокардит
<variant> қақпақтық ақау синдромы, ревматизмдік жедел қызба, кардит
<variant> коронарогенді кардиалгия, стенокардия
<variant> аорталгия, аорта аневризмасы
<question>Стенокардияның түрін анықтап, жүргізу тактикасын таңдаңыз: 47 жастағы ер кісі 2 ай бұрын төс артында 4 қабатта дамитын, нитроглицериннің 1 тб басылатын ауырсынуға байланысты Д есепке алынған. Соңғы 2 күнде ауырсыну тез жүргенде дамып, нитроглицериннің 2 тб ғана басылған.
<variant> үдемелі күш түсу стенокардиясы, госпитализация
<variant> тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК 2, антиангиналық ем тағайындау

<variant> кардиалгия коронарлы ауруға байланысты емес, зерттеулер жүргізу керек
<variant> алғаш дамыған күш түсу стенокардиясы, госпитализация
<variant> ерекше стенокардия (Принцметалдың), нитраттар мен коринфар тағайындау
<question>Шешуші тексеруді таңдаңыз: 30 жастағы ер кісі, естен танумен қабаттасатын төс артындағы сығып ауырсынуға шағымданды. Анамнезінде ревматизм. Об-ті: жүрек тондары анық, ырғақты, Боткин-Эрб пен оң II к/а диастолалық шу, ЖСС 88 мин. АҚ 150/40 мм сын. бағ. ЭКГ: СҚГ. Т тропонині өзгермеген.
<variant> эхокардиография
<variant> вентрикулография
<variant> коронароангиография
<variant> электроэнцефалография
<variant> ЭКГ тәуліктік мониторлау
<question>Жетекші синдромдарын таңдаңыз: 78 жастағы науқас төс артындағы қысып ауырсынуға және бірінші қабатқа көтерілгенде дамитын ентігуге шағым айтты. Миокард инфарктімен ауырған. Об-ті: жүрек тондары әлсіз, жиі ЭС. ЖЖС 106 мин. АҚ 170/100 мм сын. бағ. Бауыры ұлғайған. Тропонин Т теріс. ЭКГ: сол қарыншаның алдыңғы бүйір қабырғасының тыртықты өзгерістері.
<variant> ангинальді, миокардтың тыртықтық зақымдану, ырғақ бұзылысы, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздығы
<variant> ангинальді, миокардтың қабынулық зақымдануы, артериялық гипертензия, сол қарыншалық жедел шамасыздық
<variant> ангинальді, дислипидемиялық, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздық
<variant> ангиноздық, миокардтың тыртықтық зақымдану, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздық
<variant> ангинальді, миокардтың метаболизмдік зақымдану, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздық
<question>Жетекші синдромдарының негізінде диагнозын таңдаңыз: 78 жастағы науқас төс артындағы қысып ауырсынуға және бірінші қабатқа көтерілгенде дамитын ентігуге шағым айтты. Миокард инфарктімен ауырған. Об-ті: жүрек тондары әлсіз, жиі ЭС. ЖЖС 106 мин. АҚ 170/100 мм сын. бағ. Бауыры ұлғайған. Тропонин Т теріс. ЭКГ: сол қарыншаның алдыңғы бүйір қабырғасының тыртықты өзгерістері. Жетекші синдромдары: ангинальді, миокардтың тыртықтық зақымдану, ырғақ бұзылысы, артериялық гипертензия, жүректің созылмалы шамасыздығы.
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК III. Миокардтың басынан өткерген инфаркті, қарыншалық ЭС. Артериялық гипертензия II дәр. ЖШ III
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК III. Постмиокардиттік кардиосклероз. Артериялық гипертензия II дәр. ЖШ II
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК III. Артериялық гипертензия II дәр. ЖШ II
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың қайталанған инфаркті. Артериялық гипертензия II дәр. Сол қарыншалық жіті шамасыздық
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күш түсу стенокардиясы ФК II. Миокардиодистрофия II дәр. Артериялық гипертензия II дәр.ЖШ I
<question>Диагнозын нақтайтын лабораториялық көрсеткішті таңдаңыз: 38 жастағы ер кісі төс артының интенсивті, ұзақтығы 20 мин дейінгі, нитроглицеринмен басылмайтын ауыруына шағымданды. ЭКГ: ST сегменті 2 мм ығысқан, Т тісшесі теріс.

<variant> кардиоспецификалық ферменттердің жоғарылауы
<variant> трансаминазалардың жоғарылауы
<variant> холестерин, триглицеридтердің жоғарылауы
<variant> сілтілі фосфатаза, ГГТП жоғарылауы
<variant> азотемия
<question>Зерттеу әдістерінің біреуі физикалық күшке толеранттылықтың өсуін анықтауда ақпараттысын таңдаңыз: 52 жастағы ер адам сол қолға берілетін, 150-200м жүргенде және баспалдақпен көтерілгенде 1 қабаттадамитын, изокет-спреймен басылатын, төс артындағы күйдіріп ауырсынуға шағымданды. Об-ті: жүрек тондары тұйықталған, бірен-саран ЭС. ЭКГ: сол қарыншаның гипертрофиясының белгілері. Стандартты терапия тағайындалған. Бір айдан кейін ангинальді синдромы толық басылды.
<variant> велоэргометрия
<variant> сцинтиграфия
<variant> рентгенография
<variant> коронарография
<variant> электрокардиография
<question>Жетекші симптомын, синдромын анықтаңыз: 34 жастағы ер кісі, жүрек аймағының ауырсынуына, физикалық күштемедегі ентігу, жүрек қағуы, әлсіздікке шағымданды. Анамнезінен: бірнеше жыл бұрын ревматизмдік жедел қызбаны басынан өткерген. Об-ті: жүрек шегі солға ығысқан, жүрек ұшында I тон әлсіреген, систолалық шу қолтық астына тарайды.
<variant> жүрек шуы – жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы: митраль қақпақтарының шамасыздығы
<variant> жүрек шуы – жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы: сол атри-вентрикулдік тесіктің стенозы
<variant> жүрек шуы – жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы: аорта сағасының стенозы
<variant> жүрек шуы – жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы: аорта қақпақтарының шамасыздығы
<variant> жүрек шуы – жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы: үшжармала қақпақтарының шамасыздығы
<question>ЖИА клиникалық түрін таңдаңыз: 56 жастағы ер кісі төс артында дамитын, сол қолы мен мойнына тарайтын, нитроглицеринмен басылатын басып ауырсынуға шағымданды, ауырғанына 3 апта. ЭКГ (холтерлік монитор): кеуде тіркемелерінде ST сегментінің депрессиясы, Т теріс. 2 тәуліктен соң ЭКГ патологиясыз.
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, алғаш дамыған күштемелік стенокардия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақты күштемелікстенокардия ФК III
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, Принцметал стенокардиясы
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, миокардтың Q-негатиті инфаркті
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, үдемелі стенокардия
<question>20 жастағы қыздың шағымдары: қызба, анасаркаға дейінгі ісіну, несебінің азаюы, терісіндегі көбелек пішінді бөртпелер. Өзін 3 ай дертті санайды. АҚ 200/100 мм сын. бағ. НЖА: белогі 3,3 г/л; эритр. ескірген 29-30 ка. Бүйрек биопсиясы: капиллярларының қабырғалары қалыңдаған, базаль мембранасының дистрофиясы. Осы белгілер кешені мен төмендегілерден мүмкін себебін таңдаңыз.
<variant> жүйелі қызыл жегі
<variant> бүйрек ісігі
<variant> түйінді периартериит
<variant> біріншілік гломерулонефрит

<variant> пиелонефрит
<question>Ауыр жағдайдағы науқасты об-ті тексергенде: малшынып терлеген, АҚ 90/55 мм сын. бағ., ЖЖС 90 мин. Тамыр будасының ені кеңіген, аортаның бойымен систолалық шу естілді. Іші пальпацияда жұмсақ, мезогастрийде солқылдап тұрған түзілім сезілді. Тропонинге экспресс тест теріс болды. ЭКГ: коронарлы шамасыздық және СҚГ белгілері. Төмендегілердің мүмкін жағдайымен осы белгілер кешенін таңдаңыз:
<variant> аортаның аневризмасында қабаттарының ажырауы +
<variant> артериялық гипертензия
<variant> тұрақсыз стенокардия
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы
<variant> гипертензиялық криз
<question>Өкпе шеменімен асқынған гипертензиялық криздегі таңдамалы дәрмекті таңдаңыз:
<variant> нитроглицерин
<variant> клонидин
<variant> нифедипин (коринфар)
<variant> анаприлин
<variant> пропранолол (обзидан)
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз. 56 жастағы ер кісі, келесі шағымдармен жеткізілді: 2 сағат бұрын дамыған басының желке аймағының ауыруы, жүрек айнуы, көз алдында "шіркейлердің" ұшуы. Емханалық картасынан: АГ 7 жыл, несебінде протеинурия, холестерині 8,6 ммольл. Об-ті: жалпы жағдайы орта ауырлықта. Жүрек тондары тұйықталған, ырғақты, аорта үстінде II тонның акценті. АҚ 240130 мм сын. бағ., пульсі 58 мин. ЭКГ: сол қарынша гипертрофиясы, систолалық күш түсумен.
<variant> артериялық гипертензия III дәрежелі, қауіп-қатер тобы 4 (протеинурия, гиперхолестеринемия, сол қарынша гипертрофиясы, дисциркуляциялық энцефалопатия). Асқ.: Гипертензиялық криз, II типті, асқынған
<variant> артериялық гипертензия II дәрежелі, қауіп-қатер тобы 3 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы,). Асқ.: Гипертензиялық криз, I типті, асқынбаған
<variant> артериялық гипертензия II дәрежелі, қауіп-қатер тобы 2 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы,). Асқ.: Гипертензиялық криз, I типті, асқынбаған
<variant> артериялық гипертензия III дәрежелі, қауіп-қатер тобы 4 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы, дисциркуляциялық энцефалопатия). Асқ.: Гипертензиялық криз, I типті, асқынбаған
<variant> артериялық гипертензия II дәрежелі, қауіп-қатер тобы 3 (артық салмақ, гиперхолестеринемия, протеинурия, сол қарынша гипертрофиясы,). Асқ.: Гипертензиялық криз, I типті, асқынған
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз. 29 жастағы ер кісіде: дене қызуының $39^0$С көтерілуі, балтыр бұлшықеттерінің ауыруы, ірі буындарының ауыруы, парестезиялар, жүрек қағуы, ентігу, қатты жүдеу, жалпы әлсіздік бар. Өзін үш ай бойы науқас санайды, жедел пневмониямен ауырған. Об-ті: гипостеник, терісі құқыл, Қар (плечевая) артериясының бойымен майда түйіншелер пальпацияланды. Өкпесінде әлсіз везикулалық тыныс. Жүрек тондары әлсіреген, ырғақсыз, ЭС. АҚ 190/110 мм сын. бағ. ЖЖС 92 мин. ҚЖА: Нв 115 г/л, лейк. $10x10^9$л. ЭТЖ 40 мм/сағ. НЖА: эритроцитурия (ескірген).
<variant> жүйелі васкулит: түйінді периартериит (Куссмауль-Майер ауруы)
<variant> жүйелі васкулит: бейспецификалық аортаартериит (Такаясу ауруы)

<variant> жүйелі васкулит: Шенлейн-Генох пурпурасы
<variant> жүйелі васкулит: Вегенер гранулематозы
<variant> жүйелі васкулит: облитерациялаушы тромбангиит (Бюргер ауруы)
<question>Жүре дамыған ақаудың түрін белгілеңіз. Анамнезінде мерез ауруы болған ер кісіде оң екінші к/а II тонның әлсіреуі мен диастолалық шу естілді; АҚ 160/40 мм сын. бағ. ЭКГ сол қарынша гипертрофиясы.
<variant> аорталық қапақтардың шамасыздығы
<variant> сол а/в тесіктің стенозы
<variant> митральді қапақтардың шамасыздығы
<variant> үшжармалы қапақтардың шамасыздығы
<variant> аорта сағасының стенозы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Митральді стенозы бар науқастарда келесі ырғақ бұзылысы жиі дамиды:
<variant> жүрекшелер фибрилляциясы (жыбыры) мен дірілі
<variant> атриовентрикулярлы диссоциация
<variant> қарыншалық пароксизмдік тахикардия
<variant> қарыншалар фибрилляциясы
<variant> қарыншалық экстрасистолия
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз. Жүрек тұсында шаншып ауырсынуы бар 16 жасар жасөспірімнің жүрек ұшында мезосистолалық шертпе, систолалық шу естілді. ЭхоКГ: митраль қақпақтарының пролапсі, I дәрежелі регургитация нақталды.
<variant> дәнекер тіндік дисплазия: митраль қақпақтарының прлапсі (Барлау синдромы)
<variant> жүректің тума ақауы – Эйзенменгер кешені
<variant> жүректің тума ақауы – Лютембаше синдромы
<variant> жүйелі васкулит – Такаясу ауруы
<variant> біріншілік өкпелік гипертензия – Аэрз ауруы
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Кардиалгияның (синдромдық стенокардияның) себебін анықтаңыз: ер адам 38 жаста, шағымдары: аздаған физикалық күш түскенде пайда болатын, өздігінен қайтатын ұзақтығы 4-5 минутқа созылатын, иррадиациясыз жүрек алды аймағындағы қысып ауырсыну. Ауырсынулар 3 апта мазалаған, дәрігерлерге қаралмаған. Әкесі 50 жасында кенет қайтыс болған. Об-ті: жүректің шекаралары қалыптының шегінде, ырғағы дұрыс, Боткин нүктесінде систолалық шу, ЖЖС 78 мин., АҚ 115/70 мм сын. бағ. ЭКГ: патологиялық Q тісшесі III, AVF, $V_4$-$V_6$. ЭхоКС: жүректің қуыстары өзгермеген, қарыншааралық перденің қалыңдығы 2 см, сол қарыншаның артқы қабырғасының – 1,4 см. Аластау фракциясы 72%. Кардиалгияның мүмкін себебі:
<variant> гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия
<variant> рестрикциялық кардиомиопатия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, жедел коронарлық синдром, STсегментінің жоғарылауымен
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, тұрақсыз стенокардия
<variant> жүректің ишемиялық ауруы, жедел коронарлық синдром, ST сегментінің жоғарылауынсыз
<question>16 жастағы бойжеткенде ЖШ клиникасы. Шағымдары: мардымсыз еңбекке дамитын ентігу. Анамнезінде жиі бронхиттер. Об-ті: тері жамылғылары қуқыл, жүрек ұшы түрткісі күшейген, сол IV к/а дөрекі, пансистолалық шу, өкпе артериясы үстінде II тон акценті бар. Декомпенсацияланған ӨТЖ жетекші себепкер синдромдарын таңдаңыз:

<variant> жүректің тума ақауы (қарыншааралық перденің дефекті), екіншілік өкпелік гипертензия
<variant> жүректің тума ақауы (жүрекшеаралық перденің дефекті), екіншілік өкпелік гипертензия
<variant> жүректің тума ақауы (ашық артериялық өзек), екіншілік өкпелік гипертензия
<variant> жүректің тума ақауы (аорта коарктациясы), екіншілік өкпелік гипертензия
<variant> жүректің жүре дамыған ақауы (митральді шамасыздық), екіншілік өкпелік гипертензия
<question>67 жастағы темекіні “езіп ішетін” ер кісіде ЖШ клиникасы. Шағымдары: аралас ентігу, ұстамалы аз қақырықты жөтел, жүрек тұсының ешқайда тарамайтын, шаншып ауырсынуы. Об-ті: тыныс шығаруы ұзарған, шашыраңқы құрғақ сырылдар, жүректің оң шегі кеңіген, үшінші тыңдау нүктесінде II тонның акценті мен жарықшақтануы. Декомпенсацияланған ӨТЖ жетекші себепкер синдромдарын таңдаңыз:
<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, тұрақты үдемелі; екіншілік өкпелік гипертензия
<variant> біріншілік өкпелік гипертензия (Аэрц ауруы)
<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, тұрақты, үдеусіз; оң қарынша гипертрофиясы
<variant> бронх өткізгіштігінің бұзылу синдромы, қайтымды
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау синдромы; өкпелік гипертензия, жүрек шамасыздығы
<question>ЭКГ-мониторлық бақылаудағы науқас есінен танды. Көз қарашықтары кеңіді. Тері жамылғылары қуқыл-көкшіл. Ұйқы артериясында пульсі мен тынысы жоқ. ЭКГ: хаостық, ырғақсыз, түрлі биіктіктегі толқындар пайда болды. Науқаста дамыған жағдайдың себебін таңдаңыз:
<variant> қарыншалар жыбыры (фибрилляциясы)
<variant> қарыншалар дірілі (трепетание)
<variant> қарыншалық аритмиялар
<variant> қарыншалық тахикардия
<variant> жыбыр аритмиясы
<question>Жүректік кенет өлімдегі негізгі реанимациялық шараларды белгілеңіз (жедел жәрдемнің арнайыландырылған бригадасы келгенге дейін, кез-келген медициналық қызметкер жасауға міндетті):
<variant> тыныс жолдарының өтімділігін қамсыздандыру, ӨЖВ-ИВЛ (ауызға-ауыз тыныс беру ); жүректің тікелей емес массажы
<variant> дефибрилляция
<variant> адреналинді жүрек ішіне енгізу
<variant> жүрек аймағына жұдырықпен соққы беру
<variant> өңеш арқылы электростимуляциялау
<question>Жүректің қарыншалық ырғағының бұзылыстарындағы шұғыл госпитализациялау көрсетпелерін белгілеңіз:
<variant> қарыншалық пароксизмдік тахикардия, гемодинамикасы тұрақсыз
<variant> қарыншалық ЭС Лаун 2
<variant> қарыншаүстілік пароксизмдік тахикардия, гемодинамикасы тұрақты
<variant> қарыншалық пароксизмдік тахикардия, гемодинамикасы тұрақты
<variant> қарыншалық ЭС Лаун 3
<question>Амбулаториялық кезеңде ырғақ және өткізгіштік бұзылыстарының диагнозын нақтауда қолданылатын міндетті зерттеулерді белгілеңіз:
<variant> электрокардиография, Холтерлік мониторлау, ЭхоКГ

<variant> бас мисауытының рентгенографиясы, екі проекциядағы
<variant> кеуде сарайы органдарының жалпы шолу жіне бүйірлік проекциядағы рентгенографиясы
<variant> қалқанша безінің УДЗ және тиреоидтық статусы
<variant> ультрадыбыстық допплерография (экстра- және интракраний тамырлардың патологиясына күдік туындағанда)
<question>Науқаста дамыған асқынуды белгілеңіз. Науқас миокардтың кең көлемді инфарктымен ауруханаға жатқызылды, 3 аптадан соң ентігу күшейе түсті. ЭхоКГ сол қарыншаның артқы-бүйірлі аймағының қабырғалық тромбымен акинезия зонасы анықталды. Шығарылым фракциясы (ФВ) 30%.
<variant> сол қарынша аневризмасы
<variant> сол қарыншалық шамасыздық
<variant> перикардит
<variant> тромбоэндокардит
<variant> өкпе артериясының тромбоэмболиясы
<question>Болжам диагнозын таңдаңыз. Дәрігерге бас ауыруына,бас айналуына шағымданып келген науқас 20 жаста. Аускультацияда төстің сол II қ/а, төстің оң ұырында систолалық шу естілді. АҚ қолдарында 180/100 мм сын. бағ., ал аяқтарында 130/80 мм сын. бағ. ЭхоКГ: аорта доғасы 2,4 см; төмендеуші бөлігі 1,4 см; төмендеуші аортадағы қысым градиенті 34 мм сын. бағ.
<variant> аорта коарктациясы
<variant> жүрекшеаралық перде ақауы
<variant> эссенциаль артериялық гипертензия
<variant> ашық артериялық өзек
<variant> қарыншааралық перде ақауы
<question>Науқаста дамыған асқынуды белгілеңіз. 42 жасар науқас ентігу мен оң қабырға астындағы ауырлық сезімінің күшейгенін байқады. Түнгі тұншығу сезімі, аяқтарындағы ісінулер қосарланды. Соңғы айларда қан түкіру пайда болған. Обьективті: өкпенің төменгі бөліктерінде үнсіз майда көпіршікті сырылдар. Жүрек шекаралары солға ығысқан, жүрек тондары тұйықталған. ЖСЖ 90 мин. Жүрек ұшында систолалық шу. ЭКГ: жыбыр аритмиясысы (ЖФ), тахисистолалық түрі. ЭхоКГ: сол жүрекше 4,4; сол қарыншаның соңғы диастолалық өлшемі (КДР ЛЖ) 8,2. Оң қарынша – 3,2. Айдау фракциясы (ФВ) 21%.
<variant> қосқарыншалық шамасыздық
<variant> миокардит
<variant> сол қарынша жеткіліксіздігі
<variant> оң қарынша жеткіліксіздігі
<variant> плеврит
<question>Сипатталған топты таңдаңыз. Бұл дәрмектер тобы ST сегментінің көтерілуінсіз жедел коронарлы синдромда ауырсыну синдромының болуы мен САҚ>90 мм сын. бағ. тағайындалады. Тамырішілік енгізу басқа формаларына қарағанда ангинозды ауырсынуды басу және ST сегментінің депрессиясының регрессиясында тиімдірек. Препараттың мөлшерін АҚ қатаң бақылауымен, стенокардия ұстамасы жойылғанша, ал артериялық гипертензиясы, жүрек жеткіліксіздігі бар науқастарда АҚ қалыпқа келгенше немесе жағымсыз әсерлері пайда болғанша жоғарылатуға болады.
<variant> нитраттар
<variant> β-блокаторлар
<variant> наркотикалық анальгетиктер

<variant> кальций каналдарының блокаторлары
<variant> ААФ ингибиторлары
<question>Болжам диагнозды анықтаңыз. Жалпы тәжірибелік дәрігер қабылдауында 44 жастағы науқас жүрегіндегі кезеңдік шаншып ауырсынуларға, жүрек қағысына, жүрек аймағында "тоқтап қалу мен шалыс соғу" сезіміне шағымданып отыр. Артериялық гипертензия 2 дәрежелі, қауіп тобы 3 диагнозымен диспансерлік бақылауда тұр, базисті емді тұрақсыз қабылдайды. Жүрек-тамыр жүйесін тексергенде жүрек шекаралары солға ығысқан, аускультацияда тондары тұйықталған, ырғағы дұрыс емес, ЖСС 78-90 мин.
<variant> жүрекшелер фибрилляциясы
<variant> қарыншалар фибрилляциясы
<variant> жиі жүрекшелік ЭС
<variant> қарыншаүстілік тахикардия
<variant> синустық аритмия
<question>Науқаста операциядан кейінгі кезеңде дамыған асқынуды белгілеңіз. Ер адам 65 жаста, обтурациялық ішек өтімсіздігіне байланысты операция жасалған. Ауруханадан шыққаннан кейін ентігу, төс артында ауырсыну, қан қақыру пайда болған. Қарау кезінде: тыныс өкпенің барлық бөлімдерінде анықталады, сырылдар жоқ. Пульс 100 мин, АҚ 115/75 мм сын. бағ. Жүрек тондары тұйықталған, өкпе артериясында II тон акценті. Пальпацияда іші жұмсақ, ауырсынбайды. Бауыры ұлғаймаған. Кеуде клеткасының рентгенографиясында патологиялық өзгерістер анықталған жоқ. ЭКГ: Гис шоғырының оң аяқшасының жіті блогі анықталды.
<variant> өкпе аретриясы тармақтарының тромбоэмболиясы
<variant> өкпе туберкулезі
<variant> жедел коронарлық синдром
<variant> жедел нозокомиаль пневмония
<variant> операциядан кейінгі іркілісті пневмония
<question>Сіздің тұжырымыңыз: коронавирустың дифференциялық диагнозын ... синдромы бар науқастарға жүргізесіз:
<variant> респирациялық
<variant> неврологиялық
<variant> бронх-обструкциялық
<variant> диспепсиялық
<variant> гепатомегалиялық
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Коронавирустық инфекцияның (COVID-19) 15.07.2020ж. 10-шы редакциясының өзгерістерімен анықтамасы:
<variant> SARS CoV-2 коронавирусының жаңа штамынан дамитын, аэрозоль-тамшылы және тұрмыстық-жұғысулар механизмімен таралатын, жіті жұқпалы дерт
<variant> ысқырықты сырылдар, ентігу, кеудесінің сығылуы және жөтел сияқты респирациялық симптомдармен және олардың әр уақытта және түрлі дәрежеде көрінуімен, тыныс жолдарының өтпелі обструкциясымен сипатталатын тыныс жолдарының созылмалы қабынуы
<variant> өмірге қауіп төндіретін және айқын гемодинамикалық бұзылыстарға, сондай-ақ басқа ағзалар мен жүйелер қызметінің бұзылуына ұласатын, аллергенмен қайта жанасуға қарсы туындаған жіті жүйелік аллергиялық реакция
<variant> егделерде дамитын, тек өкпені зақымдайтын, тек интерстицийлік пневмонияның гистологиялық және/немесе рентгендік белгісі бар, себебі белгісізі созылмалы фиброздаушы интерстицийлік пневмонияның ерекше түрі
<variant> ауруханадан тыс туындаған, төменгі тыныс жолдарының инфекциясының симптомдары бар (қалтырау, жөтел, қақырық бөлу, мүмкін іріңді, кеуденің ауыруы, ентігу)

және өкпеде жаңадан түзілген ошақтық-инфильтратпен дәлелденген рентгендік белгісі бар жітіжұқпалы ауру (басқа нақты себептер болмағанда)
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. COVID-19 патогенездік сипаттарына қатысы жоқ:
<variant> тыныс жолдарының өтрелі обструкциясы
<variant> виремия, локаль және жүйелі иммундық қабынулық процестер
<variant> коагуляциялық каскадтың гипербелсенділігі, эндотелиопатия
<variant> өкпенің, жүректің, бүйректердің, АІЖ микро-және макротромбоздары
<variant> орталық және перифериялық нерв жүйелерінің микро-және макротромбоздары
<question>Сіздің тұжырымыңыз: COVID-19 ішкі органдар эндотелиінің жүйелі зақымдануы келесі асқынулардың дамуына жалғасады:
<variant> ТШ/жіті, РЖДС/ОРДС, ӨАТЭ/ТЭЛА, сепсис, шок, полиоргандық шамасыздық синдромы/СПОН
<variant> ұзақ уақыттық тұншығу ұстамасы, астмалық статус
<variant> артериалық гипотензия, ИТШ
<variant> гипертензиялық криздер, ТИШ/ТИА, ишемиялық инсульт
<variant> БЖЗ/ОПП, РЖДС/РДСВ, полиоргандық шамасыздық синдромы
<question>Сіздің тұжырымыңыз: COVID-19 жүрек жіне ОНЖ тамырлары эндотелиінің зақымдануы келесі асқынулардың дамуына жалғасады:
<variant> миокардтың жіті инфаркті, ми қанайналымының жіті бұзылысы/ОНМК
<variant> ырғақ бұзылысының ұзақ ұстамасы
<variant> артериалық гипотензия, коллапс
<variant> гипертензиялық криздер, ТИШ/ТИА, ишемиялық инсульт
<variant> 2,3 дәрежелі атри-вентрикулдік блоктар
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. COVID-19 клиникалық түрлеріне қатысы жоқ:
<variant> склерит, ринорея, трахеит, бронхиолит
<variant> ринит, фарингит
<variant> COVID-ассоциаланған пневмония
<variant> гастроэнтерит, нефрит, миокардит
<variant> иіс сезі нервінің невриті, полинейропатияи
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Орта ауырлықтағы COVID-19 ілеспелі (коморбидті) ауруларсыз нақталғанда, амбулаториялық деңгейдегі емге ұсынылған:
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Ривароксабан 10 мг, 1 р/тәу. 10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Дабигатран этексилаты 110 мг х 2 р/тәу – 10 тәулік
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Ривароксабан 10 мг, 1 р/тәу. 10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барасында ацетилсалицил қышқылымен бірге, 75 -100 мг/тәу
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Ривароксабан 10 мг, 1 р/тәу. 10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барасында клопидогрельмен бірге 75 мг/тәу
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Дабигатран этексилаты 110 мг х 2 р/тәу – 10 тәулік курантилмен бірге, 150 мг/тәу
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Дабигатран этексилаты 110 мг х 2 р/тәу – 10 тәулік преднизолонмен бірге 120 мг/тәу
<question>Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. Орта ауырлықтағы COVID-19 науқастардың ілеспелі (коморбидті) ауруларымен нақталғанда, амбулаториялық деңгейдегі емге ұсынылған:

<variant> көрсетпелеріне сай (жүрекшелер фибрилляциясының тұрақты түрі, анамнезінде тереі веналарының тромбозы бар т.б.) антикоагулянттарды қабылдап жүрген пациенттер дәрмектерін қабылдауын жалғастырады
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Ривароксабан 10 мг, 1 р/тәу. 10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Дабигатран этексилаты 110 мг х 2 р/тәу – 10 тәулік
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Ривароксабан 10 мг, 1 р/тәу. 10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барасында ацетилсалицил қышқылымен бірге, 75 -100 мг/тәу
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Ривароксабан 10 мг, 1 р/тәу. 10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барасында клопидогрельмен бірге 75 мг/тәу
<variant> per os антикоагулянттар (ПОАК): Апиксабан 2,5 мг, 2 р/тәу.10 тәулік барысында, НЕМЕСЕ Дабигатран этексилаты 110 мг х 2 р/тәу – 10 тәулік курантилмен бірге, 150 мг/тәу
<question>Тұжырым жасаңыз және жүре дамыған ақауды анықтаңыз:Анамнезінде 2 айдан бері қызбасы бар ер кісіде (инъекциялық наркоман) оң екінші к/а II тонның әлсіреуі мен диастолалық шу естілді; АҚ 160/40 мм сын. бағ. ЭКГ сол қарынша гипертрофиясы.
<variant> аорталық қақпақтардың шамасыздығы
<variant> митральді қақпақтардың шамасыздығы
<variant> үшжармалы қақпақтардың шамасыздығы
<variant> сол а/в тесіктің стенозы
<variant> аорта сағасының стенозы
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Инфекциялық эндокардиттен ем қабылдаған, есепте тұратын 34 жастағы науқаста оң веналық пульс, оң Плеш симптомы, семсерше өскіншенің негізінде систолалық шу естілді. ЭКГ: оң қарынша гипертрофиясы.
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау: үшжармалы қақпақтың органикалық шамасыздығы
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау: үшжармалы қақпақтың салыстырмалы шамасыздығы
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау: аорта қақпағының органикалық шамасыздығы
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау: митральді қақпақтың органикалық шамасыздығы
<variant> жүре дамыған қақпақтық ақау: өкпе артериясы қақпағының органикалық шамасыздығы
<question>Дұрыс емдік тактиканы таңдаңыз: 46 жастағы ер кісіде ұзақ уақыттық қызба, көп мөлшерлі, сасық қақырықты жөтел, кеуде сарайының оң жартысының ауыруы, субфебрилитет, әлсіздік. Рентгендік зерттеуде: оң өкпесінің жоғарғы бөлігінде, сұйықтықтың горизонталь деңгейі бар қуыс анықталды.
<variant> ошақтың санациясы+ моксофлоксацинді қуысқа енгізу
<variant> ампициллин + гентамицин парентеральді
<variant> плазмаферез курсы + цефтриаксон
<variant> өкпе бөлігін резекциялау + цефтриаксон
<variant> левофлоксацин + инфузиялық терапия
<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Күш түсу стенокардиясындағы ауырсыну синдромының ұзақтығы:
<variant> 1 - 15 мин дейін
<variant> 1 мин аз
<variant> 5-10 мин дейін
<variant> 15-30 мин дейін
<variant> 60 мин дейін

<question>Дұрыс тұжырымды белгілеңіз. Кенеттен болатын коронарлық өлім кезінде алғашқы симптомдардың пайда болуы мен өлім арасында өтетін уақыт:
<variant> 2 сағаттан көп емес
<variant> 1 сағаттан көп емес
<variant> 6 сағаттан көп емес
<variant> 12 сағаттан көп емес
<variant> 24 сағаттан көп емес
<question>ЭКГ тұжырым жасаңыз. 32 жастағы науқаста ЖСРА, жүректің жүре дамыған ақауы: митральді стеноз. ЖШ ФК 2 бар. ЭКГ: Р тісшесі I, avL,V5,V6 қос өркешті.
<variant> сол жүрекшенің гипертрофиясы
<variant> ырғақ көзінің миграциясы
<variant> қарыншалық экстрасистолия
<variant> толық АВ блок
<variant> оң жүрекшенің гипертрофиясы
<question>ЭКГ тұжырым жасаңыз. 32 жастағы науқаста ЖСРА, жүректің жүре дамыған ақауы: митральді стеноз. ЖШ ФК 2 бар. ЭКГ: Р тісшесі I, avL,V5,V6 қос өркешті.
<variant> Р “mitrale”
<variant> ырғақ көзінің миграциясы
<variant> қарыншалық экстрасистолия
<variant> толық АВ блок
<variant> Р “pulmonale”
<question>ЭКГ тұжырым жасаңыз. Жүректің тума ақауы бар 20 жастағы науқаста стрестен кейін жүрек тұсының шаншып ауыруы пайда болды. ЭКГ: Р тісшелеріне qRS кешендері сәйкес, Pq интервалы > 0,21.
<variant> АВ блогінің I дәрежесі
<variant> Гис будасының оңжақ тармағының блокадасы
<variant> Гис будасының сол тармағының блогі
<variant> Синоатрилік блок
<variant> Қарыншалық экстрасистолия
<question>ЭКГ тұжырым жасаңыз. 36 жастағы науқаста стрестен кейін жүрек тұсының шаншып ауыруы пайда болды. Об-ті: жалпы жағдайы қанағаттанарлық. АҚ 120/60 мм сын. бағ. ЭКГ: кезектен тыс, кеңіген және деформацияланған QRS, ST сегменті мен Т тісшесі осы QRS кешеніне дискордантты орналасқан. Компенсациялық үзілісі толық.
<variant> жүрекшелік экстрасистолия
<variant> ЖФ (жыбыр аритмиясы)
<variant> қарыншалық фибрилляция
<variant> эктопиялық ритм
<variant> қарыншалық экстрасистолия
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. 49 жастағы науқас 600 м жүргенде, ал суық желді күндері 400 м жүргенде пайда болатын ентігуге шағымданды. Науқастың клиникасы келесі функциялық класқа сәйкес:
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы II
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы I
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы III
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы IV
<variant> ЖИА. Күш түсу стенокардиясы V

<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. 63 жастағы науқас АГ 3 дәр. қауіп тобы III диагнозымен келді. ЭКГ: QS комплексі. RS-T жоғарылаған. Дәрігердің диагнозы: ЖИА, алдыңғы-жүрек ұшы миокардының жедел инфаркті. Миокарда инфарктінің орналасуы келесі тіркемелердегі өзгерістерге негізделген:
<variant> I, avL, V3,V4
<variant> I, aVL, V1-V6
<variant> III, aVF, II
<variant> V5, V6, III, aVF
<variant> V1-V3
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Дәрігер үйге шақырылды, 45 жастағы науқас 20 минуттан ұзаққа созылған, нитроглицерин көмектеспейтін, таң ата пайда болған төс артының қысып ауырғанына шағымданды. ЭКГ: QS кешені. Дәрігердің диагнозы: ЖИА, миокардтың алдыңғы қабырғасының жедел инфаркті, жедел кезеңі. Миокарда инфарктінің орналасуы келесі тіркемелердегі өзгерістерге негізделген:
<variant> V1-V3
<variant> I, aVL, V1- V6
<variant> III, aVF, II
<variant> V5, V6, III, aVF
<variant> V3,V4
<question>Дұрыс тұжырым жасаңыз. Жүректің электр осінің (альфа бұрышы) қалыпты жағдайдағы орналасуына сәйкес:
<variant> 30°-ден +69° дейін
<variant> 0°-ден + 29° дейін
<variant> 20°-дан + 180° дейін
<variant> 91°-ден + 180°дейін
<variant> 0-ден - 90° дейін
<question>Дұрыс тұжырым жасаңыз. QRS комплексінің қалыпты жағдайдағы ені:
<variant> 0,08-0,10 с
<variant> 0,05-0,08 с
<variant> 0,08-0,12 с
<variant> 0,10-0,12 с
<variant> 0,12-0,14 с
<question>Дұрыс тұжырым жасаңыз. Р тісшесінің қалыпты жағдайдағы ені:
<variant> 0,10 с
<variant> 0,06 с
<variant> 0,08 с
<variant> 0,12 с
<variant> 0,14 с
<question>Тұмаудың асқынуын таңдаңыз. 35 жастағы науқас тұмаудың ауыр түрімен ауырған. Ауруханаға барудан бас тартып, амбулаторияда емделген. 2 жетіден соң ентігу, жүрек соғысының ырғағы бұзылып, жүрегі тұрақты сыздап ауырған, аяқтары ісінген. Об-ті: дене қызуы 37,3С, акроцианоз. Өкпенің төменгі бөліктерінен ылғалды сырылдар естілді. Жүрек тондары әлсіреген, ырғақсыз, пульсі 100 мин., АҚ 100/80 мм сын. бағ. ЭКГ: вольтаждары төмен.
<variant> миокардит
<variant> нейроциркуляциялық дистония
<variant> перикардит

<variant> кардиомиопатия
<variant> жүректің қақпақтық ақауы
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. ЖИА, күш түсу стенокардиясы ФКII және II дәрежедегі АГ бар 55 жастағы науқасты емдеуді келесіден бастау тиімді:
<variant> бета-блокаторлардан
<variant> тиазидті диуретиктерден
<variant> ААФ ингибиторлардан
<variant> кальций антагонисттерінен
<variant> сартандардан
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. АҚ 184/100 мм сын. бағ. дейін жоғарылауы АГ келесі дәрежесіне сәйкес:
<variant> III дәреже
<variant> I дәреже
<variant> II дәреже
<variant> мақсатты дәреже
<variant> қалыпты жоғары қысым
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. АҚ 166/94 мм сын. бағ. дейін жоғарылауы АГ келесі дәрежесіне сәйкес:
<variant> II дәреже
<variant> I дәреже
<variant> III дәреже
<variant> мақсатты дәреже
<variant> қалыпты жоғары қысым
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Миокард инфарктін басынан өткерген науқастарға емханадағы реабилитация жүргізіледі:
<variant> миокардтың қызметтік жағдайын ескеретін жеке бағдарламамен
<variant> асқынбаған түрінде
<variant> 50 жасқа дейінгі науқастарға
<variant> біріншілік миокардтың инфарктінде
<variant> қосымша аурулар болмағанда
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. ЖИА біріншілік диагнозындағы ақпараттық тәсіл:
<variant> ЭКГ мәліметтері
<variant> аускультациялық мәліметтер
<variant> анамнездік мәліметтері
<variant> қанның клиникалық анализі
<variant> гемодинамикасының жағдайы
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Науқасқа жүргізілген велоэргометрияда миокард ишемиясының нақты критерийі саналады:
<variant> ST сегментінің 2 мм артық депрессиясы
<variant> барлық тісшелер вольтажының төмендеуі
<variant> ST сегментінің көтерілуі
<variant> теріс Т тісшесінің пайда болуы
<variant> тахикардия
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Қантты диабетпен ауыратын науқас АҚ 142/94 мм сын. бағ. дейін көтерілгенде, келесі қауіп-қатер тобына жатқызылады:
<variant> 4 (өте жоғары)
<variant> 1 (төменгі)

<variant> 2 (орташа)
<variant> 3 (жоғары)
<variant> қауіп жоқ
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. ЖИА негізгі қауіп факторына жатады:
<variant> артериялық гипертензия
<variant> алкоголь қабылдау
<variant> шылым шегу
<variant> гиподинамия
<variant> семіздік
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Миокардтың трансмурлық инфарктінің негізгі ЭКГ белгісі:
<variant> екі немесе одан да көп тіркемелерде QS комплексінің пайда болуы
<variant> ST сегментінің бірнеше тіркемеде изолиниядан жоғары болуы
<variant> ST сегментінің бірнеше тіркемедегі депрессиясы
<variant> Гисс будасы сол жақ аяқшасының блокадасы
<variant> жүрек ырғағының бұзылысы
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Миокардтың артқы инфарктінің ЭКГ белгілері мына тіркемелерде көрінеді:
<variant> II, III және AVF
<variant> I, aVL, V1-V4
<variant> I, aVL, V5-V6
<variant> aVL, V1-V2
<variant> V1-V6
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Пароксизмдік тахикардия дегеніміз:
<variant> жүрек соғысының күрт, 160-180 минутына жиілеуі
<variant> жүрекше қызметінің өзгеруіне байланысты ритмнің бұзылуы
<variant> жүректің кезектен тыс жиырылуы
<variant> Моргани-Адамс-Стокс ұстамалары
<variant> кейбір ЭКГ тіркемесінде "Р" тісшесінің сүйір пішінде болуы
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Перикардтың үйкеліс шуының аускультациялық сипаттары:
<variant> қағаз сықырындай систола-диастолалық шу тонмен қабаттасып естіледі
<variant> жүректің барлық тыңдау нүктелеріндегі үрлемелі систолалық шу
<variant> жүрек ұшында шертпемен байланысты систолалық шу
<variant> I тонмен байланысты локальді систолалық шу
<variant> диастолалық шу пресистолалық күшеюмен
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Қан айналымының үлкен шеңберлік шамасыздығына тән емес:
<variant> өкпедегі ылғалды сырылдар
<variant> ентігу, тахикардия
<variant> бауырдың ұлғаюы
<variant> аяқ - қолының ісінуі
<variant> мойын веналарының бұлтиюы
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Жүрек ырғағының осы бұзылысында vagus сынамасы қолданылады:
<variant> суправентрикулдік пароксизмдік тахикардияның ұстамасы
<variant> синустық аритмияның ұстамасы

<variant> Морганьи-Эдемс-Стокс ұстамасы
<variant> ЖФ (жыбыр аритмиясы) пароксизмінде
<variant> топтама экстрасистолияның дүркінінде
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз:Жасөспірімнің екі бетінде цианозды қызару, пальпацияда кеуде сарайының дірілі, жүрек ұшында сартылдаған I тон және диастолалық шу анықталды.
<variant> митраль стенозы
<variant> қарыншааралық перденің дефекті
<variant> аорталық шамасыздық
<variant> митраль қақпақшасының пролапсі
<variant> митраль шамасыздығы
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Өмірінің бірінші жылында операциялық емдеуді қажет етпейтін жүректің тума ақауы:
<variant> қарынша аралық перденің бұлшықеттік бөлігінің мардымсыз дефекті
<variant> ашық артериялық өзек
<variant> Фалло тетрадасы
<variant> қолқа коарктациясы
<variant> магистраль тамырлар транспозициясы
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Жүректің тума ақауының негізгі клиникалық симптомдарына қатысы жоқ:
<variant> пульстік АҚ жоғарылауы
<variant> акроцианоз
<variant> кардиомегалия
<variant> шеткері пульсацияның әлсіреуі немесе жоғалуы
<variant> жүрек маңындағы шу
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Балаларда миокард инфаркті келесі нозобірлікте дамуы мүмкін:
<variant> түйінді периартериит
<variant> дерматомиозит
<variant> ревматоидты артрит
<variant> жүйелі склеродермия
<variant> ЖҚЖ
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Балаларда миокард инфаркті келесі нозобірлікте дамуы мүмкін:
<variant> Куссмауль-Майер ауруы
<variant> Шенлейн-Генох ауруы
<variant> Бехтерев ауруы
<variant> Хортон ауруы
<variant> Такаясу ауруы
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Пароксизмдік тахикардияны нақтау үшін бірінші кезекте жүргізеді:
<variant> ЭКГ
<variant> биохимиялық зерттеуді
<variant> ЭхоКГ
<variant> рентгенографияны
<variant> ФКГ
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Жүрек-тамырлық жіті шамасыздыққа тән емес:
<variant> қызба

<variant> терісінің бозаруы
<variant> терісі мәрмәр тәрізді
<variant> пульсі қылдай
<variant> артериялық қысым төмен
<question>Дұрыс тұжырымдарды таңдаңыз. Миокардтағы қабынулық процесте биохимиялық көрсеткіштерден жоғарылайтыны:
<variant> КФК, ЛДГ
<variant> ГГТП
<variant> амилаза
<variant> АЛТ, АСТ
<variant> СРП
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. 5 жастағы қыз балада Вольф-Паркинсон-Уайт синдромы анықталды. Бұл синдромның себебі болып табылады:
<variant> патологиялық өткізгіш жолдары
<variant> ырғақ көзінің миграциясы
<variant> Гис будасы аяғының блок
<variant> атриовентрикулдік блок
<variant> қарыншалық экстрасистолия
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Жүректік астманың емінде қолданбайды:
<variant> адреналин
<variant> нитроглицерин
<variant> диуретиктер
<variant> ылғалданған оттегі
<variant> аяқтарына бұрау (жгут) салу
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз. Кенет коронарлық өлімнің 90% жағдайындағы себебі:
<variant> қарыншалар фибрилляциясы
<variant> экстрасистолия
<variant> пароксизмдік қарыншалық тахикардиясы
<variant> ЖФ пароксизмі
<variant> синусты брадикардия
<question>Жанама әсерлерінің қауіптісін таңдаңыз: Миокардтың инфаркті бар науқаста ангинозды статусты жою үшін морфин және дроперидол қолданылды.
<variant> тыныс орталығын тежеуі
<variant> ұйқышылдыққа ұрындыруы
<variant> іш кебуін шақыру
<variant> жүрек айнуын туғызу
<variant> эйфорияға ұшырату
<question>Дұрыс тұжырым таңдаңыз: Науқас 34 жаста, ауыр вирустық инфекциядан (тұмау) кейін 2 аптадан соң , әлсіздік, ентігу, жүрек аймағындағы ауыру сезімі, жүрек қағуы пайда болды. Об-ті: АҚ 110/70 мм сын. бағ., ЖСС тыныш күйде 80 мин, I тон әлсіреген. ЭКГ: Т тісшесі V1-V4 тіркемелерінде теріс.
<variant> ревматизмдік емес миокардит
<variant> лобарлы пневмония
<variant> жүректің ишемиялық ауруы
<variant> дилатациялық кардиомиопатия
<variant> торакалгия

<question>Келтірілген емдердің дұрысын таңдаңыз: Науқас 34 жаста, ауыр вирустық инфекциядан (тұмау) кейін 2 аптадан соң , әлсіздік, ентігу, жүрек аймағындағы ауыру сезімі, жүрек қағуы пайда болды. Об-ті: АҚ 110/70 мм сын. бағ., ЖСС тыныш күйде 80 мин, I тон әлсіреген. ЭКГ: Т тісшесі V1-V4 тіркемелерінде теріс. Жоғарыда берілген мәліметтерге сүйеніп, науқасқа ревматизмдік емес миокардит тұжырымдалды
<variant> тыныштық, төсектік тәртіп, симптомдық ем
<variant> антибиотиктерді тағайындау
<variant> СЕҚҚД тағайындау
<variant> глюкокортикостероидтарды тағайындау
<variant> ААФ ингибиторларын, рибоксинді тағайындау
<question>Науқасқа ем таңдаңыз: ААФ ингибиторларымен ем бастағаннан 10 күннен соң, анамнезінде жүректің ишемиялық ауруы бар, 71 жасар науқас жалпы әлсіреуге, үдемелі ісінуге, зәрдің мөлшері азаюына және дене массасының 5,5 кг артуына шағымданды. Бұл жағдай бүйрек артерияларының тарылуының себебінен дамыған бүйректің жедел жетіспеушілігі деп нақталды. Қан сарысуындағы креатинин мөлшері 480 ммоль/л.
<variant> ААФИ сартандарға ауыстыру қажет
<variant> кальций антагонистерінің үлкен дозасын тағайындау қажет
<variant> нитраттардың үлкен дозаларын тағайындау қажет
<variant> гидралазинді изосорбид динитратпен біріктіріп тағайында қажет
<variant> гемодиализ жүргізу қажет
<question>Дұрыс емдеу тактикасын қолданыңыз. 59 жастағы ер кісіде соңғы 1,5 ай ішінде бірнеше рет есінен тану, құрысулардың болған. Жүрек тондары шамалы тұйық, ырғақты, ЖЖС 34 мин., жүрек ұшында мезгілімен күшейген I тон естілді. АҚ 150/90 мм сын. бағ. Соңғы ЭКГ 2 ай бұрын түсірілген: ырғақ көзі синусты, АВБ II дәр., Мобитц-2; алдыңғы қабырғасының, қарыншааралық перденің, жүрек ұшының тыртықтық өзгерістері, СҚГ. Қазіргі ЭКГ: Р тісшелері өз алдына, өз жиілігінде (76 мин.); QRS кешендері өз ырғағында (34 мин) тіркелген. Алдыңғы жайылма тыртық белгілері.
<variant> тұрақты электрокардиостимулятор орнату
<variant> қажеттілігіне қарай (de mand)ЭКС орнату
<variant> антиангиналық дәрмектермен тұрақты емдеу
<variant> антигипертензиялық дәрмектермен жүйелі ем
<variant> антиаггреганттармен жүйелі ем
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Анасы 13 жасар ер баласын қабылдауға әкелді. Соңғы кездері бірнеше рет есінен танып, неврологтарда зерттеулер жүргізіліп, неврологиялық патологияларды жоққа шығарғанын мәлімдеді. Есінен тану қорқыныш, қобалжыған кездерінде болады, есту қабілеті сақталған. Баланың әкесі, атасы кардиологта есепте тұрады. Есту қабілеттері бұзылмаған.Об-ті: жүрек тондары анық, ырғақты, ЖЖС 96 мин. АҚ 95/60 мм сын бағ.ЭКГ: ырғақ көзі синусты, ЖЖС 90 мин. qT интервалы ЖЖС санына сай көрсеткішінен ұзақ (0,43сек). Балаға отырып-тұрғызу жүктемесі жасалды, ЭКГ түсірілді. Синусты ырғақ, ЖЖС 120 мин., ЖЭӨ вертикаль, qT интервалы жиілеген ЖЖС сай қысқармады, керісінше ұзарды. Мамандар кеңестерін жоспарлаңыз.
<variant> кардиолог-аритмолог, генетик
<variant> генетик, кардиохирург
<variant> терапевт, ЛОР дәрігері
<variant> терапевт, генетик
<variant> кардиолог, ЛОР дәрігері

<question>Дұрыс зерттеу тактикасын қолданыңыз. 13 жастағы ер баланы физикалық күштемеде дамитын естен танулар мазалайды, олар дене шынықтыру сабағында дамиды. Бұған дейін шағымдары болмаған. Об-ті: жүрек ұшында мезосистолалық шертпе мен ешқайда тарамйтын ситолалық шу естілді.
<variant> митраль қақпақтарының пролапсі (аномаль орналасқан хорда), ЭхоКГ, ырғақ бұзылыстарының эпизодтары
<variant> митраль қақпақтарының пролапсі (аномаль орналасқан хорда), ЭКГ, ырғақ бұзылыстарының эпизодтары
<variant> митраль қақпақтарының пролапсі, кеуде сарайының жалпы шолу рентгенограммасы, ырғақ бұзылыстарының эпизодтары
<variant> митральді стеноз, ЭхоКГ, ырғақ бұзылыстарының эпизодтары
<variant> митраль қақпақтарының шамасыздығы, ЭхоКГ, ырғақ бұзылыстарының эпизодтары
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Емханалық жағдайда пневмонияның этиологиялық емін ... бастаған жөн:
<variant> макролидтер мен/және қорғалған пенициллиндерден
<variant> цефалоспориндер мен фторхинолондардан
<variant> аминогликозидтер мен макролидтерден
<variant> тетрациклин қатарының анитбиотиктерінен
<variant> қорғалған пенициллиндер мен цефалоспориндерден
<*question*>Дұрыс емдік тактиканы қолданыңыз: 46 жастағы ер кісі келесі шағымдармен келді: көп мөлшерлі, сасық қақырықты жөтел, кеуде сарайының оң жартысының ауыруы, субфебрилитет, әлсіздік. Рентгендік зерттеуде: оң өкпесінің жоғарғы бөлігінде қуыс анықталды.
<variant> ошақтың санациясы+ моксофлоксацинді қуысқа енгізу
<variant> ампициллин + гентамицин парентеральді
<variant> плазмаферез курсы + цефтриаксон
<variant> өкпе бөлігін резекциялау + цефтриаксон
<variant> левофлоксацин + инфузиялық терапия
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз: Созылмалы бронхиттің диагнозын қоюға БДҰ (ВОЗ) ұсыныстарының критерийі, жөтел ұзақтығы:
<variant> 2 жыл қатарынан әр жылда 3 айдан кем емес
<variant> 2 жыл қатарынан әр жылда 6 айдан кем емес
<variant> ағымдағы жылы 4 айдан кем емес
<variant> 3 жыл қатарынан әр жылда 2 айдан кем емес
<variant> ағымдағы жылдың көктем, күзінде 2 айдан кем емес
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз: 36 жастағы ер кісіні іріңді қақырық бөлінетін жөтел, дене қызуының 39,5$^0$С жоғарылауы, кеуде сарайының ауыруы, ентігу әлсіздік мазалайды. Жіті ауырған, қалтырау,кеудесінің ауыруы, құрғақ жөтелден басталған, емделмеген, 1 аптадан соң аузын толтырып іріңді қақырықпен жөтелге ауысқан, соңғы тәулікте қан араласа бастаған.
<variant> өкпе абсцесі, торакальді хирургия бөліміне шұғыл госпитализация
<variant> каверналық туберкулез, тубдиспансердің торакальді хирургия бөліміне шұғыл госпитализация
<variant> перифериялық рактің қуыстық түрі, порталмен онкологияға жолдау
<variant> өкпе эхинококкозі,торакальді хирургия бөліміне шұғыл госпитализация
<variant> өкпе абсцесі, пульмонология бөліміне шұғыл госпитализация
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Ауруханадан тыс пневмонияның ем нәтижелілігінің индикаторларына жатқызылған:
<variant> рентгендік және лабораториялық мәліметтерінің қалыптасуы

<variant> терісі мен тырнақтарында саңырауқұлақтық зақымданулардың пайда болуы
<variant> гемоглобин деңгейінің қалыптасуы
<variant> қан сары суының темір байланыстырғыш қабілетінің (ОЖСС)қалыптасуы
<variant> ферритин қорының қалыптасуы
<question>Дұрыс емдік тактиканы қолданыңыз: бронхтық астмамен сырқаттанатын 22 жастағы әйелде эмоциялық қозу, Т 36,7$^0$С, ЖСС 120мин., ТЖ 24,везикулалық тыныстың күрт әлсіздігі, бірлі-екілі құрғақ сырылдар. Анамнезінен тәулік бойы нәтижесіз беротектің 10 ингаляциясын алғаны белгілі болды.
<variant> бронхтық астманың өршуі, астмалық статустың I сатысы, кортикостероидтарды парентеральді қолдану
<variant> бронхтық астманың өршуі, астмалық статустың I сатысы, симпатомиметиктердің дозасын жоғарылату
<variant> бронхтық астманың өршуі, астмалық статустың I сатысы, регидратация
<variant> бронхтық астманың өршуі, астмалық статустың I сатысы, эуфиллин дозасын жоғарылату
<variant> бронхтық астманың өршуі, астмалық статустың I сатысы, өкпенің жасанды вентиляциясы
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз: Бронх өткізгіштігінің ұстамалы бұзылу синдромын басу үшін қолданатын дәрмек:
<variant> ингаляциялық бета 2-агонистерді
<variant> ингаляциялық глюкокортикостероидтарды
<variant> кромондарды
<variant> антибиотиктерді
<variant> қабынуға қарсыпрепараттарды
<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз. Бронх өткізгіштігінің ұстамалы бұзылуының алдын алу үшінқолданады:
<variant> ингаляциялық глюкокортикостероидтарды
<variant> қысқа әсерлі ингаляциялық бета 2-агонистерді
<variant> кромондарды
<variant> антибиотиктерді
<variant> қабынуға қарсы препараттарды
***<question>Дұрыс шешім қабылдаңыз: қақырықты жөтелмен басталуы, өкпеде үнді ылғалды сырылдардың естілуі, рентгендік зерттеуде орта, төменгі бөліктерінде орта интенсивті тығыздалу көлеңкелерінің анықталуы келесі нозобірлікке тән –***
***<variant> пневмонияға***
***<variant> пневмокониозға***
***<variant> саркоидозға***
***<variant> милиарлы туберкулезға***
***<variant> инфильтрациялық туберкулезге***
